

№ 05 (195)
МАМЫР 2024 ЖЫЛ

АІВҮН



SARBAZ.KZ

Республикалық әскери-патриоттық журнал



ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ

ҰШҚЫШ



ҚАҺАРМАН
ҚОЛБАСШЫ

ТАҒЫЛЫМ

АҚКӨЛ
ҚАЛАСЫНДА
САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВКЕ
ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ



МАЗМҰНЫ:

**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ
ОРДЕН-МЕДАЛЬДАР ТАБЫС
ЕТІЛДІ 6**

**САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ
ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА
АРНАЛҒАН СИМПОЗИУМ 8**

**ГЕРОЙ-ФРОНТОВИК
– ПЕРВЫЙ МИНИСТР
ОБОРОНЫ 10**

**АҚКӨЛ ҚАЛАСЫНДА
САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВКЕ
ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ 16**

**ЕРЛІГІ – ЕЛГЕ МҰРА,
ҰРПАҚҚА – ҰРАН! 17**

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС БАТЫРЫ 20

МАСТЕР ВОЗДУШНЫХ БОЕВ ... 24

ҚОЛБАСШЫ 29

ПАРТИЗАН 32

ҰШҚЫШ 37



6




8



10



17



24



20



29

АУВИН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров

Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Бахтиер Сұлтанұлы

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова

Фархат Кинжитаев

Алуа Исакова

Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова

Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан

Құрманғалиевтің

фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана
кешесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер
рецензияланбайды және авторларға
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы
30-сәуірде №5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 823 дана. Тапсырыс № 05

ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН СЕРЖАНТТАР, ОФИЦЕРЛЕР МЕН ГЕНЕРАЛДАР! ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!



Өз атымнан және Қорғаныс министрлігінің жеке құрамы атынан Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына орай шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл мереке шын мәнінде жалпыхалықтық сипатқа ие, шынайы патриотизмнің, ерлік пен ар-намыстың символы болып қала береді.

Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік әрі оны қорғауға кез келген уақытта дайын болу қашаннан халқымыздың маңызды құндылығына айналған. Бейбіт уақытта Отанды қорғау – ата-

бабалардың даңқты дәстүрлерін құрметтей отырып, оның игілігі үшін адал еңбек ету.

Ел Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның мықты және ұтқыр армиясы бар. Ол мемлекеттің сенімді қалқаны әрі тірегі болып табылады» деп атап өтті.

Бүгінде Қарулы Күштер әскери доктрина аясында дамып келеді. Осыған сәйкес әскерлерді даярлаудың қарқындылығы мен сапасы артты. Әскери қызметшілер Отан алдындағы конституциялық борышын абыроймен орындап, үнемі жауынгерлік дайындықтың

жоғары деңгейін сақтап, кәсібилігін арттыруда. Бұған көптеген ауқымды жауынгерлік дайындық іс-шаралары, халықаралық оқу-жаттығулар мен жарыстар, сондай-ақ табиғи апаттардың салдарын жоюға қатысуымыз дәлел.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін нығайту міндеттерін шешуге бағытталған Қазақстанның халықаралық әскери ынтымақтастығы да қарқынды дамуда. Ол ұлттық заңнамаға және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Біздің әскери контингенттің бітімгерлік миссияларға табысты қатысуы

Қазақстанның өңірлік көшбасшы, жалпыәлемдік және гуманитарлық құндылықтарды қорғауды жақтаушы, сенімді әріптес ретіндегі ұстанымын нығайта түседі.

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Отан қорғаушылар күнін атап өтуіміз кездейсоқ емес. Мұндай маңызды күнмен қатар келген бұл мереке халқымыздың ұлы жетістіктерге қабілетті екенін тағы бір еске салады. Аталарымыз бен әкелеріміздің соғыс жылдарындағы жауынгерлік даңқын, өшпес ерлігі мен жанқиярлық еңбегін жас ұрпақтың санасына сіңіру – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Баршаңызды Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығымен құттықтаймын! Әскери қызметшілерге, азаматтық персоналға, Қарулы Күштердің ардагерлеріне және ел азаматтарына зор денсаулық, амандық, көтеріңкі көңіл-күй және туған Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеуі жолындағы міндеттерді іске асыруда жетістік тілеймін!



УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И СЕРЖАНТЫ, ОФИЦЕРЫ И ГЕНЕРАЛЫ! ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!

Примите от меня лично и от личного состава Министерства обороны искренние и сердечные поздравления по случаю празднования Дня защитника Отечества и 79-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне!

Этот праздник носит поистине всенародный характер, является символом патриотизма, мужества, доблести и чести.

Во все времена любовь к Родине, ответственность за её судьбу, готовность в любую минуту встать на её защиту были и остаются важнейшими ценностями нашего народа. Защищать Отечество в мирное время – значит честно трудиться на его благо, чтя славные традиции предков.

Президент страны – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Касым-Жомарт Токаев отметил: «У Казахстана сильная и мобильная армия, выступающая надежным щитом и опорой государства».

Мобильная и боеготовая - именно такой сегодня можно назвать казахстанскую армию, которая за годы становления нарастила свою мощь и военный

потенциал.

Сегодня Вооруженные Силы развиваются в рамках Военной доктрины. В соответствии с ней повышается интенсивность и качество подготовки наших войск. Военнослужащие достойно выполняют конституционный долг перед Родиной, постоянно поддерживая высокий уровень боевой готовности и повышая профессионализм. Об этом свидетельствуют многочисленные крупномасштабные мероприятия боевой подготовки, международные учения и соревнования, а также участие в ликвидации последствий природных катаклизмов.

Развивается международное военное сотрудничество Казахстана, которое ориентировано на решение задач укрепления военной безопасности государства. Оно осуществляется в соответствии с национальным законодательством и международными договорами. Успешное участие нашего воинского контингента в миротворческих миссиях укрепляет позиции Казахстана

как регионального лидера, приверженца защиты общемировых и гуманитарных ценностей, надежного партнера.

Неслучайно празднование Дня защитника Отечества отмечается накануне Дня Великой Победы. Теперь, наряду с такой знаковой датой, этот праздник будет напоминать нам о том, что наш народ способен на великие свершения. Общий долг каждого

отцов!

Поздравляю всех с Днем защитника Отечества и 79-ой годовщиной Победы в Великой Отечественной войне! Желаю военнослужащим, гражданскому персоналу, ветеранам Вооруженных Сил и гражданам нашей страны крепкого здоровья, благополучия, бодрости духа и успехов в реализации предстоящих задач на благо процветания нашей



хранить память о воинской славе, трудовой доблести и героизме нашего народа в годы войны, бережно передавать детям и внукам незыблемую историческую правду о подвигах дедов и

Родины – Республики Казахстан!

**Қазақстан
Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник
Р. Жақсылықов**

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ОРДЕН-МЕДАЛЬДАР ТАБЫС ЕТІЛДІ

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов жеке құрамды Отан қорғаушы күнімен құттықтап, мемлекеттік және ведомстволық наградалар тапсырды.



Салтанатты шараға қорғаныс ведомствосының басшылығы, Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектерінің қолбасшылары, әскери бөлімдердің командирлері, әскери қызметшілер мен

азаматтық персонал қатысты.

Қорғаныс ведомствосының басшысы Қарулы Күштердің елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудағы маңыздылығын атап өтті.

– Бұл тапсырмалардың

сәтті орындалуы барлық бөлімшелердің кәсіби дайындығына, үйлесімділігі мен жауынгерлік рухына байланысты. Кешегі табиғи апатқа қарсы күресте әскери қызметшілер алдыңғы қатарда болып, зардап шеккендерді

эвакуациялауға қатысты. Жүктерді жеткізіп, бөгеттер салды. Біз армия еліміздің сенімді тірегі екенін тағы да бір дәлелдей алдық, – деді генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Қорғаныс министрі



жанқиярлық қызметі және алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындағаны үшін бірқатар әскери қызметшілерге салтанатты жағдайда мемлекеттік наградалар тапсырды.

Жалпы, армияның жауынгерлік дайындығын арттыруға және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін Президент Жарлығымен 29 адам марапатталды. Оның ішінде 10 адамға орден, 17 адамға «Жауынгерлік ерлігі үшін», 2 адамға «Ерен еңбегі үшін» медальдары берілді.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов I дәрежелі «Даңқ» орденіне, әскери бөлім командирі генерал-майор Қанатай Далматов II дәрежелі «Даңқ»

орденіне ие болды.

30212 әскери бөлімінің командирі полковник Сәбит Үркінбаевқа, Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының орынбасары полковник Нұрмахан Құдайбергеновке, 32039 әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары полковник Ұлықбек Саққа, Бітімгерлік операциялар орталығының бастығы полковник Бауыржан Нығметуллинге және 10228 әскери бөлімінің командирі подполковник Ғани Сейдәзімовқа II дәрежелі «Айбын» ордені табысталды.

ҚР Қарулы Күштері Бас штабы Сержанттық құраммен жұмыс жөніндегі басқарма бастығының орынбасары шебер-сержант Болат Жайсанбаев және Бітімгерлік операциялар орталығының нұсқаушы-сержанты бірінші дәрежелі сержант Нұрлан

Әйтімов III дәрежелі «Айбын» орденіне ие болды.

«ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі» РМҚК бас директоры отставкадағы генерал-майор Әділбек Алдабергенов «Құрмет» орденімен марапатталды.

Президенттің «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» Жарлығымен Қорғаныс министрінің орынбасары Қаныш Әбубәкіровке «генерал-лейтенант», Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы Дәурен Қосановқа «авиация генерал-лейтенанты» әскери атағы берілді.

Құрлық әскерлері әскери институтының бастығы Бауыржан Ибатулин, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының бастығы Қайрат Даутов және «Астана» өңірлік

қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Ержан Ибраев «генерал-майор» әскери атағына ие болды. Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының орынбасары Ержан Нілдібаевқа «авиация генерал-майоры» әскери атағы берілді.

Сонымен қатар, Қорғаныс министрінің бұйрығымен 39 әскери қызметші ведомстволық «Ел қорғаны» медалімен марапатталды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар кезеңінде ерекшеленген мерзімді қызметтің 31 сарбазы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің үздігі» төсбелгісімен наградталды.

Үлгілі қызметі және қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін қорғаныс ведомствосы басшысының бұйрығымен 60 Отан қорғаушыға мерзімінен бұрын әскери атақтар берілді.





Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовті еске алуға арналған шара Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында өтті.

САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН СИМПОЗИУМ



Шараны «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ және «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ Орталық кеңесі ұйымдастырды. Симпозиумға Қорғаныс министрлігінің, ҚР

Президенті архивінің, Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығының, Ұлттық қорғаныс университетінің басшылығы, Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен ардагерлері, Астана

қаласындағы әскери колледж кадеттері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты. Қорғаныс министрі

генерал-полковник Руслан Жақсылықов қатысушыларды елімізде Сағадат Нұрмағамбетовтің мерейтойы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы хабардар етті. Алматы қаласындағы



Құрлық әскерлері әскери институтында «Әскери ант» телесериалы түсірілді. 25 мамырда оның құрметіне Ақмола облысының Ақкөл қаласында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы ескерткіш пен сквердің салтанатты ашылу рәсімі өтеді. Биылғы жылдың 16-сы мен 23-і маусымы аралығында Алматы қаласындағы Құрлық әскерлері әскери институтының «Әли» оқу-жаттығу орталығында халық батырының құрметіне «Айбын» Х Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өтеді.

Генерал-полковник Руслан Жақсылықов 1-ші Түркістан пулемет әскери училищесінің түлегі Сағадат Нұрмағамбетовтің Ұлы Отан соғысы тарихындағы бірегей орнын атап өтті.

– Әскери қызметке 50 жылдан астам ғұмырын арнаған батыр соғыс



жылдарын пулемет взводының командирі ретінде бастап, атқыштар батальонының командирі болып аяқтады. Ұлы Отан соғысында Кубаннан Берлинге дейінгі жолды өтті. Оның үзеңгілес досы, жауынгерлік серігі, офицер, соғысқа қатысушы Леонид Гирш Сағадат Нұрмағамбетовтің бүкіл соғыста майданда, оқ пен оттың арасында өткергенін айтады, – деді генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Қорғаныс ведомствосының басшысы ұлт мақтанышы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің есімі мен

майор Асхат Рыспаев Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің мерейтойына арналған ғылыми-зерттеу жұмысын таныстырды.

Қазақстан Республикасы Президенті архивінің директоры Әлия Мұстафина өз сөзінде армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттарды жинау жұмыстары туралы мәлімдеді. Олардың бір бөлігін симпозиумға қатысушылар ҚР Президенті архиві ұйымдастырған көрмеде таныса алды.

Қорғаныс министрлігі мен симпозиумға қатысушыларға

ерлігі Тәуелсіз Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылғанын және келер ұрпақ үшін рухани мұра болып қала беретінін атап өтті.

«Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Халық қаһарманы, Армия генералы Мұхтар Алтынбаев көз көрген басшысы жайлы жылы естеліктерімен бөлісті.

«Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ президенті генерал-

алғыс айту үшін бейнебайланыс арқылы халық батырының қызы Айсұлу Сағадатқызы Нұрмағамбетова сөз сөйледі.

Шара соңы Қарулы Күштердің бірқатар ардагерлеріне «С.Қ. Нұрмағамбетовке 100 жыл» естелік белгісін табыстаумен және ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы шығармашылық ұжымының мерекелік концертімен аяқталды.





ГЕРОЙ- ФРОНТОВИК

— ПЕРВЫЙ МИНИСТР ОБОРОНЫ

25 мая 2024 года исполняется 100 лет со дня рождения активного участника Великой Отечественной войны, Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы за номером один, первого министра обороны РК генерала армии Сагадата Нурмагамбетова.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, выступая в марте 2024 года перед участниками Национального курултая, сказал: «Подвиги героев Второй мировой войны являются примером для нынешнего поколения защитников Отечества. В героическую летопись нашей страны золотыми буквами вписаны имена многих наших воинов. Хочу отдельно сказать о трех таких доблестных сынах нашего народа.

Сагадат Нурмагамбетов, попав на фронт, был назначен командиром взвода, а в битве за Берлин уже участвовал в качестве командира батальона. Пройдя через горнило войны, в мирное время он стал первым министром обороны Независимого Казахстана.

Выдающийся офицерский талант проявил легендарный Бауыржан Момышулы. Он командовал батальоном, полком, дивизией на тяжелейших участках фронта.



Впервые использованная им тактика выхода из окружения впоследствии получила название «спираль Момышулы».

Сегодня не подвергается сомнению подвиг Рахымжана Кошкарбаева, который в числе первых водрузил боевое знамя на здании Рейхстага...»

Следует сказать о том, что накануне юбилея первого министра обороны

суверенного Казахстана, Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, генерала армии Сагадата Нурмагамбетова в стране торжественно проводятся мероприятия в его честь.

Сагадата Кожакметовича знают и помнят как в Казахстане, так и в странах СНГ. Да, образ его засверкал ослепительной звездой еще при жизни. Он был

именно из тех людей, которые словно излучали обаяние, бодрость духа, чистоту помыслов. Его всегда отличали человечность, талантливость, жизненный и профессиональный опыт, великолепное знание военного дела, прозорливость, феноменальная память, чувство высокой ответственности, разумеется,



военная выправка, стройность, молодцеватость. Именем Сагадат ага названы улицы нашей столицы, других городов республики, а также есть улица на родине героя – в городе Ақкөл, что в Акмолинской области, именем С. К. Нурмагамбетова названа республиканская школа «Жас ұлан» (сегодня Военный колледж). А в Алматы на улице Мукана Тулебаева находится обычный скромный дом, в нем в свое время жил Сагадат Кожаметович, теперь об этом напоминает мемориальная доска. Здесь, кроме родственников и близких Нурмагамбетова, часто бывают люди разных национальностей, они помнят героя и возлагают цветы.

А ровно через год мы отметим 80-ю годовщину Победы в Великой Отечественной войне 1941-45 годов. В канун великого праздника с именами героев, отстоявших независимость Отчизны, не останется в стороне и имя комбата Сагадата Нурмагамбетова, штурмовавшего в мае 1945 года рейхсканцелярию логова фашизма, Героя Советского Союза, ставшего впоследствии генералом армии, первым министром обороны суверенного Казахстана, удостоенного звания Халық Қаһарманы за номером один. Надо сказать, что среди министров обороны стран СНГ в годы создания и становления суверенных государств единственным участником Великой Отечественной войны был Нурмагамбетов.

До последних дней жизни он был связан с нашими Вооруженными Силами. Словом, для Нурмагамбетова Отчизну защищать – стало не просто профессией, но и смыслом всей жизни. Он отдал армии более полувека! Нынче нет ни



одной структуры, где бы ни служили и трудились его воспитанники. А те, кто служил под руководством генерала армии Нурмагамбетова, до сих пор испытывают гордость. Они свои поступки сверяют с именем героя.

«СТРОКИ ЖУРНАЛИСТСКОГО БЛОКНОТА...

Да, жизнь – это не столько годы, как поется в знакомой песне «Мои года – мое богатство», но и целая цепь поступков, встреч, впечатлений.

Рассматривая свой журналистский блокнот, невольно вспоминаю годы службы и встречи с этим неординарным человеком. Впервые мне довелось встретиться с Сагадатом Кожаметовичем в начале 80-х прошлого столетия в ходе совместной поездки в служебную командировку в дальние гарнизоны. В ту пору заместителю командующего войсками Среднеазиатского военного округа генерал-лейтенанту Нурмагамбетову было около шестидесяти лет. Он был стройным, подтянутым, моложавым, жизнерадостным,

простым в общении. В том, что генерал доступен и внимателен к окружающим, убедился, общаясь с ним. В то время я был молодым офицером, сотрудником редакции газеты САВО (Среднеазиатского военного округа) «Боевое знамя».

Сагадат Кожаметович стал расспрашивать меня о родителях, семье, о том, какое учебное заведение я окончил, какую проблему собираюсь поднимать в командировке.

Внимательно выслушав меня, Сагадат Кожаметович посоветовал обратить особое внимание на командиров, сержантов, всесторонне подготовленных, знающих технику и новые образцы вооружения, умеющих обращаться с ними в любой обстановке.

– Помнится, на фронте именно такие офицеры, сержанты, бойцы, прекрасно владевшие не только своим оружием, но знавшие боевые возможности техники врага, их слабые места, били фашистов, как говорится, «в хвост и в гриву», - говорил он. - Наш командир дивизии генерал-майор Антонов был человеком высокой культуры, являлся новатором, слыл

ярим противником всякого шаблона, учил применять новые тактические приемы в бою. Этому учили мы своих подчиненных.

Мысли генерала, как я понимал, были заняты другими, более неотложными делами и заботами, но он не упустил возможности поговорить с журналистом, поделиться боевым опытом. Побывав с ним в частях Ошского гарнизона, еще раз убедился в том, что он внимателен к людям. Беседуя с каждым человеком, интересовался жизнью и бытом, службой солдат. Времени было в обрез, но генерал побывал во многих подразделениях, на тактических занятиях, которые проходили в горных условиях. Ему хотелось узнать о службе, проблемах от самих солдат, сержантов, офицеров, как говорится, из первых уст.

Уместно сказать и о том, что в последующем, когда мы вновь побывали в том же гарнизоне, Сагадат Кожаметович интересовался, устранены ли предыдущие недоработки, расспрашивал о службе тех солдат, сержантов, офицеров, с кем беседовал. Причем помнил их имена,



Генерал-майор Айткали Исенгулов:

– Годы совместной службы с первым министром обороны, генералом армии Сагадатом Нурмагамбетовым незабываемы. В 1993 году я был назначен его заместителем. Учился у него государственному подходу в решении проблем армии, увязке их с интересами не только военного ведомства, а всей национальной безопасности страны. При его непосредственном участии были подготовлены и приняты Парламентом страны первые законы, в нормативно-правовом отношении регламентирующие жизнь и деятельность армии. Была налажена стройная система боевой и специальной подготовки, воспитательной работы, материально-технического обеспечения, быта личного состава. Отличительной чертой его характера было замечать офицеров инициативных, самостоятельных, умеющих в сложной обстановке принимать нестандартные решения. Он отмечал таких, выдвигал на вышестоящие должности, следил за их становлением и ростом. Сагадат Кожамжетович всегда думал о будущем, о том, кого подготовит, что он оставит после себя. Горжусь, что служил с человеком – легендой!

Генерал майор Алихан Джарбулов:

– На первое место Сагадат Кожамжетович всегда ставил интересы других людей, а не свои. Каждая встреча с ним становилась для меня бесценным уроком, каждое слово боевого генерала было пронизано мудростью, знаниями. У него был богатейший опыт, и не случайно Глава государства назначил первым министром обороны суверенной Республики Казахстан именно Сагадату Нурмагамбетову. Президент в своем выборе не ошибся – генералу удалось остановить распад Вооруженных Сил.

Я всегда называю себя учеником генерала и горжусь этим почетным званием. Благодарю судьбу за встречу с великим полководцем, который оказал огромное влияние на меня – кадрового офицера.

Впервые лично с легендарным генералом я встретился в декабре 1991 года в Государственном комитете обороны Казахстана, который он возглавлял. Сагадат Кожамжетович произвел на меня огромное впечатление. Ведь это был человек-легенда, жизнь которого вместила в себя целую эпоху – самую жестокую войну двадцатого века, развал некогда могущественного Советского Союза, рождение молодого суверенного Казахстана, становление нашей национальной армии...

фамилии. То, что он обращался по имени, отчеству к командирам, это вызывало уважение к генералу.

Со временем посчастливилось мне стать причастным к знаменательным событиям – строительству и становлению Вооруженных Сил суверенного Казахстана под руководством генерала армии Сагадату Нурмагамбетову. Все те, кто окружал министра обороны, подчеркивали симпатию и уважение к Сагадату Кожамжетовичу, к его требовательности, принципиальности, работоспособности.

Будучи главным редактором газеты «Қазақстан сарбазы» – «Воин Казахстана» – не раз общался с Сагадатом Кожамжетовичем. В нем я видел не только страстного патриота своей Родины, крупного военачальника, дипломата, но и всесторонне эрудированного человека, творческую личность.

Перо ветерана войны было боевым, как в годы сражений за Отчизну, при написании известных книг-воспоминаний «Мой передний край», «А в памяти нет тишины». Описывая бои, вспоминая командиров, однополчан, он не уходил от ужасов войны, подчеркивал, что в будущее берут не пепел, а огонь!

Следует сказать, что Сагадат Кожамжетович с любовью и теплотой рассказывает о жизни и быте людей, особенно своего родного края. В вышеназванных книгах вспоминает: «Особенно волновали меня сенокосные вечера. Как только садилось солнце, повсюду разжигались костры. После ужина все сходились и над лугами звучали песни. Как же хорошо пели мои земляки!... Этот вечер запомнился мне во всех деталях. Как будто наяву слышу стрекотание кузнечиков, скрип рассохшихся колес, постепенно затихающую песню, вижу бегущий за телегой месяц. И звезды: крупные, яркие, как перезревший шиповник».

– Родина! Это слово мы не случайно пишем с заглавной буквы, – говорил герой. – Все, что имеем, – талант, силы, мечты и свою



преданность – отдаем мы ей, потому мне хотелось передать чувство гордости за наш родной край, страну, за наш многонациональный народ.

– Не поверите, напряжение тех лет, когда закладывали первый камень фундамента создания наших Вооруженных сил, было настолько велико, что сравнимо с военными годами, – рассказывал Сагадат Кожамжетович. – Мне казалось, что я, как и прежде, нахожусь на передовой. Ведь распался Союз, некоторые генералы, офицеры уезжали на исконную родину, были части, которые оставались без командиров. К тому же важно было сохранить неприкосновенность материальных ресурсов и боевой техники. В этих условиях мы проводили большую разъяснительную работу в войсках. И эту работу возглавил лично сам первый Президент – Верховный Главнокомандующий Нурсултан Назарбаев. Он, несмотря на свою занятость, побывал во всех крупных гарнизонах, встречался с командованием частей, личным составом, с семьями, а также



участвовал в учениях.

Создавая собственные Вооруженные силы, мы не видели сиюминутного благополучия, думали о дальнейшем становлении и развитии армии. С этой задачей мы справились, как говорят в нашем народе: «Вершину одолеет тот, кто к ней идет настойчиво».

«ДЕРЕВО КРЕПКО КОРНЯМИ, ЧЕЛОВЕК – ДРУЗЬЯМИ...»

Об удивительном и неординарном человеке – легендарной личности люди вспоминают добрым словом. Что ж, верна пословица, которая звучит: «Благодарность людская, благодать большая».

Вот как вспоминала о Сагадате Нурмагамбетове при встрече со мной в селе Еңбек (Трудовое), что в Акмолинской области, его односельчанка, ветеран тыла Екатерина Карповна Андрусюк:

- Мы с Сагадатом

Кожаметовичем из одного села, были ровесниками, друзьями. Не зря гласит народная поговорка: «Дерево крепко корнями, человек – друзьями». Мне посчастливилось с ним до войны вместе работать в одной тракторной бригаде. Для нас он во всем был примером. Помнится, когда началась война, взрослые мужчины ушли на фронт, дома осиротели без них. Трудности и заботы военного времени легли на плечи женщин и детей, к тому же, никто ничего не знал о том, что происходит на фронтах. В то время радиоприемников ни у кого не было. Ощущение как будто жизнь остановилась. Но волнения, тревоги у односельчан стали исчезать после того, как Сагадат Кожаметович стал нас информировать о событиях в мире, стране, действиях Красной Армии против фашистских полчищ. Рассказывал так, как будто сам находился в пекле войны, в составе действующей армии.

Слова имели магическую силу. До сих пор удивляюсь тому, откуда брались у него силы успевать во всем и откуда черпал информацию. Ведь трудился он в поле с нами наравне, от зари до зари, в поте

лица. На себе испытывал и холод, и голод. Несмотря на это, еще успевал написать письма мужьям на фронт за малограмотных женщин. За все это уважали селяне. Он мог необыкновенно легко найти общий язык с людьми, так как умел чутко относиться к их нуждам и запросам. Видимо, природа одарила его не только внешними данными, но и богатым внутренним миром, кипучей энергией. Всего в жизни Нурмагамбетов добивался трудолюбием, скрупулезно-неистовой работой. Не случайно говорят, что юность - пора смелых дерзаний, но он юнцом лишился отца и матери. Воспитывался у любимого брата Сагита. Когда он ушел на фронт, взвалил на себя груз домашних забот.

А был случай, который мне никогда не забыть. Весть о гибели брата Сагита на фронте мы, односельчане, восприняли как собственное горе. Сагадат плакал, можно было понять его чувства, как-никак потерял единственного близкого человека. По сей день, если вспомню, у меня в горле стоит комок, словно от тревожного вскрика отбившейся журавлиной стаи. Потом он стал писать рапорты военному с просьбой отправить на фронт, но ответ всегда был один и тот же: «Не спеши, еще молод. Придет время – отправим, а пока помогай укреплять тыл». Все же своей настойчивостью добился того, чего хотел – ушел на фронт. Бог миловал Сагадату Кожаметовича, всем смертям назло выстоял все невзгоды войны. «Его Звезда счастливой оказалась – он с ней с войны живым вернулся в дом» - так написал один из современников.

Мы, селяне, всегда с восхищением вспоминаем, что именно из нашего «гнезда» вылетела поистине героическая семья Нурмагамбетовых. Стоит ли удивляться? Чужого горя не бывает - выражение имело для них особый смысл. Брат Сагит, как я сказала ранее, погиб смертью храбрых в годы войны. А взять племянника Кеңеса, он тоже на афганской земле проявил мужество, и

Генерал-майор Сабит Тауланов:

- Служить под началом такого неординарного человека было и легко, и трудно. Легко было служить, так как везде и всюду, на любом уровне, называя фамилию Нурмагамбетова, можно было решать в основном все вопросы. С созданием Государственного комитета обороны, а затем Министерства обороны он постоянно стремился сохранить наши теплые, дружественные отношения с Вооруженными Силами Российской Федерации, заложил основы связи и с другими армиями.

Трудно было служить, так как была высокая требовательность. Генерал обладал исключительной памятью, особенно на фамилии подчиненных. После назначения какого-либо офицера через 4-5 месяцев, а порой через год Сагадат Кожаметович мог спросить о нем, как служит, где он, на какой должности. Особенно трудности возникали, когда спрашивал о младших офицерах. Такой спрос, требовательность не позволяли нам расслабляться, поэтому старались знать обстановку о людях в войсках.

Каждый день своей деятельности Нурмагамбетов хотел преподнести своим подчиненным, как «учебник» для служебного роста. Особенно это было заметно, когда шло знакомство с боевой подготовкой частей и соединений, с их жизнью и бытом. Переступив границу КПП части, генерал армии Нурмагамбетов преображался, зажигался какой-то особой энергией, движения становились более энергичными, действия более быстрыми, словно он спешил успеть сделать как можно больше. И то, что в первые годы становления нашей армии офицеры не растерялись, не спасовали – это спасибо судьбе, что у руководства Министерства обороны стоял генерал армии Нурмагамбетов.

Генерал-майор Марат Нагуманов:

- Все, кто был связан с Сагадатом Кожаметовичем, сохранили в памяти образ талантливого военачальника, человека с большой буквы, у которого были пронизательный ум и тонкий юмор. Его фронтный опыт, глубокие знания, широта мышления, умение работать с людьми, оказались востребованными в самое тяжелое время создания и становления Вооруженных Сил. Возглавляя Министерство обороны, Сагадат Кожаметович проявил себя настоящим государственным деятелем, одаренным военачальником, талантливым дипломатом.



посмертно награжден орденом Красной Звезды. О нем есть специальный стенд в нашем школьном музее. Сын Нурмагамбетова Талгат, как и он сам, генерал запаса. Сам Сагадат Кожаметович гордился своими земляками, а они бережно хранят добрые воспоминания о герое, его заветы несут по жизни, не расплескав, как святую чашу.

ПРОШЕЛ ВОЙНУ ОТ КУБАНИ ДО БЕРЛИНА

«За образцовое выполнение боевых заданий Командования на фронте борьбы с немецкими

Туркестанского пулеметного училища). Прошел ее от Кубани до Берлина в составе 1052 стрелкового полка 301 Донецкой ордена Суворова II степени Берлинской стрелковой дивизии 5-й ударной армии. Да, эта дорога, по мнению фронтовика, была ухабистой, не раз смотрел смерти в глаза. Она оставила свои отметины – ранения.

Помнится, на мой вопрос: «Что для вас было самым трудным в годы войны?», ветеран отвечал с болю: «Кровопролитные бои, когда снег был красным, когда ночью в минуту затишья



захватчиками и проявленные при этом отвагу и героизм присвоить звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда»: капитану Нурмагамбетову Сагадату Кожаметовичу».

(Из Указа Президиума Верховного Совета СССР от 27 февраля 1945 года)

Сагадат Кожаметович занял поистине уникальное место в истории Великой Отечественной войны. Что касается военной биографии, то службе в армии посвятил более 50 лет, начав ее в годы Великой Отечественной войны командиром пулеметного взвода (после окончания первого

перед тобой вставали лица, буквально несколько минут назад на глазах погибших, еще юных друзей».

Из воспоминаний командира 301-ой дивизии генерал-майора В. Антонова:

«Бои, прошедшие на польской земле до сегодняшнего дня перед глазами, как кадры документальной хроники. Особую отвагу и героизм здесь проявили многие командиры, бойцы, в том числе Сагадат Нурмагамбетов, за что и был он удостоен звания героя. Если конкретнее, та январская ночь 1945 года была неспокойной. Дважды гитлеровцы под шквальным огнем наших

стрелков и пулеметчиков пытались вернуть утраченные позиции. Полк, в котором командовал пулеметной ротой капитан Нурмагамбетов, скрытно прошел реку Пилицу. Один фашистский танк двинулся на огневую позицию пулеметного расчета. Когда танк прошел под траншеей, капитан Нурмагамбетов быстро поднялся и одну за другой бросил гранаты. Танк охватил клубы черного дыма. А бой продолжался. Капитан сам у пулемета, вместе со своим лучшим пулеметчиком сержантом Геннадием Ворошиловым «крестом» и «веером» бил по неприятельским цепям. Командир роты меткими очередями из пулемета уничтожил еще 65 фашистских солдат и офицеров. Плацдарм на левом берегу реки Пилица был удержан. 1052-й полк продолжал наступление...»

Замечу, когда Сагадат Нурмагамбетов участвовал в боях за Берлин, ему был всего 21 год!

Вот что рассказал о Нурмагамбетове бывший политрук пулеметной роты 38-ой дивизии, фронтовой газетчик Муса Днишев:

«...Трудно не удержаться, не рассказать об эпизодах фронтовых будней капитана Нурмагамбетова. Их очень много в записных книжках, и каждый, как поэма. Хотя бы этот. Дождь, грязь. Наши войска сдерживают натиск врага. Вдруг в крайней роте, к которой придан один из взводов Нурмагамбетова, замолк пулемет. Боец нервничал, заело его оружие. Вдруг кто-то его толкнул: «дай, я!» Смотрит солдат, командир. Полчаса стучал пулемет в его руках, словно и не было никакой заминки. Сам же Сагадат Кожаметович так говорил об этом факте: «К своему солдату шел я двадцать километров под

огнем. Нельзя было ослаблять фланг. Пробирался и думал: дойду, не дойду? Потом, когда закончился бой, мне казалось, иначе и быть не могло».

«...ДОСТОИН НАГРАЖДЕНИЯ ВТОРОЙ МЕДАЛЬЮ «ЗОЛОТАЯ ЗВЕЗДА»»

«В представлении есть такие строки: «...23 апреля 1945 года стрелковый батальон майора Нурмагамбетова первым форсировал реку Шпрее в районе пригорода Трептов и, закрепившись на Западном берегу, отлично обеспечил отражение четырех яростных контратак противника, пытавшегося ликвидировать захваченный нашими частями плацдарм. Развивая дальнейший успех боя, батальон завязал уличные бои на улицах пригорода Трептов с фаустниками и автоматчиками, причем уничтожил свыше 80 гитлеровцев, захватил в плен 145 солдат противника, чем в исключительной мере способствовал овладению пригородом Трептов.

...24 апреля 1945 года батальон майора Нурмагамбетова, сломив упорное сопротивление противника, ворвался в г. Берлин. Мастерски управляя батальоном, в сложных уличных боях с большими группами фаустников и автоматчиков уничтожил свыше 450 и захватил в плен 1560 гитлеровцев и ликвидировал девять опорных пунктов. В этом бою майор Нурмагамбетов был ранен. Достоин награждения второй медалью «Золотая Звезда».

(Из представления командира 1052 стрелкового полка Героя Советского Союза подполковника А. Пешкова и командира 301-й стрелковой Сталинской ордена Суворова 2-ой



степени дивизии полковника А. Антонова в вышестоящий орган)

«МОЖНО ЛИ ЗАБЫТЬ ПОДВИГИ ГЕРОЕВ...?»

- Особенно бои за штурм правительственных зданий столицы Германии, имперской канцелярии Гитлера, были самыми тяжелыми, кровопролитными, - рассказывал фронтовик. - Там засели исключительно эсэсовцы, они дрались с ожесточением, отстаивая каждый квартал, переулок. Но, как гласит поговорка: «И крепости отважными покоряются», мои бойцы метр за метром брали здания гестапо. Штурмуя логово фашизма, отличились многие бойцы батальона. Приведу лишь один такой пример: сержант Иван Антипенко под огнем противника в течение нескольких часов обеспечивал бесперебойную связь командира полка с

командирами подразделений. В этом бою Антипенко был тяжело ранен, несмотря на то, что истекал кровью, бился с гитлеровцами до победы. Кровью обливалось сердце, когда я терял подчиненных, штурмуя главное логово фашизма. А это были последние минуты до победы. Сколько радости вызвала она, когда передали нам весть – враг капитулировал. Сердце замерло от радостного сообщения, я не мог вымолвить слово. Сами собой появились слезы. Впервые за войну. В целом, вспоминая всю войну, фронтовик не мог не сказать о подвиге людей, как говорится, от мала до велика.

«Можно ли забыть самоотверженную стойкость наших воинов под Москвой? – писал он в сборнике мемуарных произведений. – Можно ли забыть подвиг героев, раненных и обмороженных

под Сталинградом, где каждый камень и каждый бугорок пропитаны солдатской кровью? Можно ли забыть огонь на Курской дуге, где тысячи и тысячи танков скрежетали днем и ночью? А битву на Кавказе? На Днепре? Можно ли забыть обгоревшие развалины Белоруссии, где детишки с перебитыми ручонками рвались на фронт, просились в партизанские отряды? А бои под Варшавой? Под Берлином? Конечно же, не забыть мне и ликование наших воинов в Германии, когда после ее капитуляции строевым шагом с развернутыми полковыми знаменами шли по Берлину солдаты-победители».

Говорил ветеран о себе скромно, больше вспоминал командиров, однополчан, тех, с кем прошел трудными дорогами войны, с кем служил, хотя было о чем поведать.

В послевоенное время он

окончил Военную академию имени М. В. Фрунзе, Высшие академические курсы при Военной академии Генерального штаба Вооруженных Сил СССР. Возглавлял стрелковый полк, штаб мотострелковой дивизии, штаб Гражданской обороны Казахской ССР. В 1969 – 1989 годах являлся заместителем Командующего войсками Среднеазиатского военного округа, первым заместителем Командующего Южной группой войск.

- Первый и главный урок Великой Отечественной войны, многолетней службы в армии, - быть ближе к солдату, - говорил герой. - Любить его, заботиться о нем, как о родном сыне и брате. Доброе слово, улыбка значат многое. Они как родник, чистый и вечный...

**Полковник в отставке
Сапаргали ЖАГИПАРОВ,
военный журналист**



АҚКӨЛ ҚАЛАСЫНДА САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВКЕ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Ақкөл қаласында Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті.



Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

Ескерткішінің ашылу рәсіміне Қорғаныс министрі генерал-генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова, Қарулы Күштердің ардагерлері, Халық қаһарманы, отставкадағы армия генералы Мұхтар Алтынбаев, Халық қаһарманы, отставкадағы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, отставкадағы авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров, елордадағы әскери колледждің курсанттары, Ақмола гарнизонының әскери қызметшілері, Сағадат Нұрмағамбетовтің жақындары және қала тұрғындары қатысты.

Іс-шараға қатысушылар әскерилер ротасының құрмет қарауылының және Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталық оркестрінің сүйемелдеуімен даңқты батырдың ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

Салтанатты рәсімде Мәулен

Әшімбаев жұртшылыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ ол Сағадат Нұрмағамбетовтің өнегелі өмірі ескелең ұрпаққа әрдайым үлгі екенін және батырдың есімі ел



тарихына мәңгіге жазылғанын атап өтті.

«Қазақстанның алғашқы Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов бүкіл саналы ғұмырын әскери қызмет саласына арнады. Мемлекетіміздің тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде айбынды армиямызды құруға және оны нығайтуға зор үлес қосты. Ол өзінің болмыс-бітімімен, өмірлік ұстанымымен және ақыл-парасатымен қазақ генералының нағыз үлгісіне айналды. Батырдың ескерткіші – халықтың қаһарман ұлына ыстық ықыласының, Отанға қорғауға өмірін арнаған

барша азаматқа шынайы құрметінің белгісі. Сағадат Нұрмағамбетовтің «Бейбіт күнді қырағы күзетіндер!» деген сөзі бар. Бұл – тек сарбаздарға емес, әр отандасымызға жүктелген аманат. Оны орындау – бәріміздің перзенттік парызымыз», – делінген ел Президентінің құттықтау хатында.

Өз сөзінде Сенат Спикері генаралдың ерлігі мен елге сіңірген еселі еңбегі әрдайым халықтың жадында сақталатынын айтты. Сондай-ақ ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен соңында қалған рухани мұрасын дәріптеу маңызды іс екенін, мұндай қадам ұлттық бірегейлікті нығайта түсетінін тілге тиек етті.

Батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова әкесі бүкіл ғұмырын Отанға қызмет етуге арнағанын айтып, естеліктерімен бөлісті. Сонымен бірге ол игілікті іске ұйытқы болған азаматтарға және ескерткіштің авторы Айдос Бүркітбаевқа алғысын білдірді.

Жас сарбаздар даңқты қолбасшыға құрмет көрсетіп, әскери оркестрдің сүйемелдеуімен ескерткіш алдынан сап түзеп өтті.

Айта кетейік, Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылғы 25 мамырда Ақмола облысының Еңбек ауылында дүниеге келген. Ол – әскери колледждің курсантынан армия генералына дейін, пулеметшілер взводының командирінен тәуелсіз Қазақстанның Қорғаныс министріне дейінгі жолды жүріп өткен бірегей тұлға. Сағадат Қожахметұлының ерен ерлігі мен қайсарлығы КСРО-ның, Қазақстан Республикасының және тағы басқа мемлекеттердің 16 орденімен және 30 медальмен марапатталды.



**Биыл Тәуелсіз
Қазақстанның
тұңғыш Қорғаныс
министрі, Кеңес
Одағының
Батыры, № 1 Халық
қаһарманы, Армия
генералы Сағадат
Нұрмағамбетовтің
туғанына 100 жыл
толды.**

ЕРЛІГІ – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН!

Сағадат Қожахметұлы – соңғы демі таусылғанша туған еліне қалтқысыз қызмет еткен дара тұлға. Рейхсканцелярияға шабуыл жасаған қазақтан шыққан батальон командирі.

Батырдың балалық шағы тауқыметке толы болды. Сағадат дүниеге келместен бір ай бұрын әкесі Қожахмет көз жұмады. Алты жасқа толар-толмаста анасы Айса қайтыс болады. Осылайша бала Сағадат ағасы Сағит пен жеңгесі Құлтайдың қолында тәрбиеленеді.

Сабаққа ынтасы зор, мұғалімдерінің ерекше ықыласына бөленген Сағадат өзі қатарлы сыныптас орыс балаларынан озып, екі сыныпты бір жылда аяқтай жүріп, мектеп бітіреді.

Алайда, сол екі ортада соғыс өрті бұрқ ете түседі. Сағит ағасы майданға аттанып, көз ұзамай Новгород түбінде қаза табады. Осыдан соң отбасының бар ауыртпашылығы Сағадаттың

иығына түскен болатын. «Мой передний край» кітабында өзінің осылайша бала жастан ересектермен қатар тер төгіп, еңбекпен есейгенін жазады.

Сағадат Нұрмағамбетов 1942 жылдың шілде айында 18 жасында Кеңес әскері қатарына қабылданып, Түркіменстандағы пулеметшілер дайындайтын училищені үздік аяқтайды. Кейін взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады.

Оның Отан үшін от кешкен майдан жолы Кубаньнан басталып Донбасс, оңтүстік Украина, батыс Белоруссия, Молдавия, Польша арқылы Берлинде аяқталды. Гитлердің рейхсканцеляриясын алғанда атқыштар батальонының командирі, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетов жиырма бір жасқа да толмаған болатын!

1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі

жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жердегі Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашистің көзін жояды.

Нәтижесінде Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін жер жастандырып, 6 пулемет орналасқан

жердің көзін жояды. Осылайша, оның ротасы Кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шайқастарды Кеңес әскерінің қолбасшысы Георгий Жуковтың өзі бақылағанын айтады.

«Нұрмағамбетов қатысқан ұрысты Кеңес Одағының маршалы Жуков бақылапты. Ол Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағын беруді ұсынады. Бұл нақты ерлік еді», – дейді ол «Долг, Честь, Подвиг Сагадата Нурмагамбетова» атты деректі фильмде.

Осылайша, 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

1945 жылғы 16 сәуір сағат күндізгі 12-де майор Нұрмағамбетов қызмет ететін атқыштар полкі өзіне берілген танк батальонымен тізе қосып,



Гузов қаласына бағыт алды.

Бұл жөнінде полк командирі подполковник Пешков пен дивизия командирі полковник Антонов қол қойған наградалық мінездемеде «Батылдық пен шеберлік көрсете отырып, ұрысты одан әрі дамыта білді, сағат күндізгі 3-те Гузов қаласының шығыс шетіне ие болды. Мұнда оның батальоны 200 гитлершіні жойды, 18 атыс позициясын,

8 тірек пунктін жойып, жаудың 68 солдатты мен офицерін тұтқынға алды» деп жазылған.

Бұл тұстағы ұрыстар сұрапыл болған. Күні таянғанын білген гитлершілер өлімге бел байлап, жан аямай қарсыласып бақты. Зеелов бигін алардың алдында шабуылды тоқтатудың бар амалын жасап бақты.

Екінші күні жау Гузов қаласында аса көп жаяу әскерімен, танктерімен, өздігінен жүретін зеңбіректерімен біздің жауынгерлерге қарсы тұрды.

Майор Нұрмағамбетовтің батальоны үшін 18 сәуір күнгі

соғыс та естен шықпастай еді. Жан алып, жан беріскен ұрыс ұзаққа созылды.

Полк командирі мен дивизия командирі қол қойған наградалық мінездемеде 18 сәуірдегі осы бір аса қиын соғыс жайы айтыла келіп, былай деп жазылған екен:

«Хармесдорф елді қонысы маңында 1945 жылдың 18 апрелінде күні бойы жау контратака жасады. Майор Нұрмағамбетов асқан табандылық пен шеберлік көрсетіп, немістердің барлық контратакаларын тойтаруды қамтамасыз етті. Әскерлер күшін керекті жерінде тамаша ұйымдастыра білді. Жауды әскері жағынан да, техникасы жағынан да үлкен шығынға ұрындырып, орныққан рубежінен қуып тастады. Оның батальоны жаудың фаушшыларының және автоматшыларының ірі топтарының табанды қарсыласуын таптай отырып, 18 апрельде Буков қаласына басып кірді. Көше ұрыстарының небір қиын жағдайында қаланың шығыс шетіне ие болу жөніндегі

полк командирінің бұйрығын орындауды өте жақсы қамтамасыз етті. Буков үшін жүргізген ұрыстарда бұл батальон 100 гитлершіні жойды. 12 атыс ұясын талқандады, жаудың 3 танкін, 1 өздігінен жүретін зеңбірегін құртып жіберді».

1945 жылдың сәуірінде оны командование Кеңес Одағы Батыры атағына екінші рет ұсынады.

Алайда қыр баласына келгенде жоғары жақтың қырсығып қалатын әдеті емес пе, «Алтын жұлдыздың» орнына осыны да қанағат тұтсын дегендей «Қызыл жұлдыз» орденін береді.

Соғыс аяқталғаннан кейін Сағадат Қожахметұлы Кеңес армиясында командалық лауазымдарды атқарды.

Егер Сағадат Қожахметұлы тумысынан қайсар болмағанда, Фрунзе атындағы әскери академияға түспеуі де мүмкін еді. Емтихандарды сәтті тапсырып болған соң, мандаттық комиссиясының төрағасы генерал-лейтенант Сухомлинов офицерлерді жеке-жеке қабылдайды.

Ол «Сен небәрі жиырма екіде екенсің, әлі жап-жассың, Академияда оқуға ертерек» дегенді айтады. Сонда Сағадат ағамыз жұлып алғандай: «Соғысқанда жас болмадым, оқуға келгенде жас болып қалдым ба? Менің қазір түскім келеді, болмаса ешқашан! Әйтпесе әскерден босатыңыз!» дейді. Генерал да азамат екен сөзге тоқтайды. Осылайша бір ауыз сөз бүкіл ғұмырын әскери қызметке арнауға жол ашады.

Академиядан соң әскери қызметтің барлық баспалдақтарынан өтіп, ұзақ жылдар бойы Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Венгриядағы Кеңес армиясы Оңтүстік тобы қолбасшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарады. Кеңес Одағы кезінде мұндай жоғары әскери лауазымда болған қазақ азаматтары некен-саяқ.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұста генерал-лейтенант С. Нұрмағамбетов құрметті демалыста болатын. Елдің егемендігін сақтап, оны нығайта түсу үшін шегере ілген



шинелін қайта киюге тура келді.

1989 жылы «әскери қызметтің шекті жасына жетуіне байланысты» зейнеткерлікке шыққаннан Сағадат Қожахметұлы соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ардагерлер істері комитетінің басшысы болады. Сонымен бірге ол кісінің қатарынан бірнеше шақырылымға депутат болып сайланғанын да айта кету керек. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қарулы Күштердің ардагерлері мен мүгедектері істері жөніндегі комитетін басқарды.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең басым міндеттердің біріне айналды. Сол кездегі жағдай ел аумағында орналасқан әскери бөлімдерге дұрыс және қатаң бақылау орнатуды талап етті. Осы мақсатта 1991 жылдың

21 тамызында еліміздің Қауіпсіздік Кеңесі құрылды.

Қазақстанның мемлекеттік саясатын дәйекті түрде жүзеге асыра отырып, 1991 жылы 25 қазанда Президент Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып Кеңес Одағының Батыры генерал-лейтенант Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен комитет Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылғы мамырда Қорғаныс министрі болып тағайындалып, оған кезекті генерал-полковник әскери атағы берілді. Ал 1993 жылы 5 мамырда армия генералы атағын иеленді.

Сағадат Қожахметұлы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап Қарулы

Күштерді басқарды, төл әскеріміздің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Осы ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке Халық қаһарманы атағы берілді.

Алғашқы жылдары ұлтық әскери кадрлардың тапшылығы байқалды. Қорғаныс министрі Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде, ар жағы Германияда, бер жағы Түркіменстанда әскери қызмет атқарып жүрген қазақ офицерлерін елге шақырды. Бастарын бір жерге жиып, оларды басшылық қызметке тағайындай бастады. Сонымен қатар әскери тәжірибесі мол басқа ұлт өкілдерінің де Қазақстанда қалуына жағдай жасалды. Қазақ генералдарының алғашқы шоғыры сөз жоқ

С. Нұрмағамбетовтің шинелінен шыққан. Бүгінде олар да ақсақалды ұстаз тұтып, әрдайым ерекше ықыласпен еске алып отырады.

Ол тұста мен Қазақстаннан тыс жерде қызмет ететінмін. Сағадат Қожахметұлымен Мәскеуде, Кеңес Одағының бүкіл генералитеті жиналған соңғы бүкілармиялық кеңесте таныстым. Бұған дейін мен де елге оралуға тырысқан едім, бірақ лайықты лауазымдар табыла қоймаған. Өйткені, ол кезде дивизия командирі, генерал болатынмын. 1992 жылы 1 сәуірде Қазақстанға оралып, Алматыдағы әуе шабуылына қарсы қорғаныс корпусының командирі болып тағайындалдым.

Сағадат Қожахметұлының тікелей қатысуымен қорғаныс саласында көптеген заңдар, алғашқы Әскери доктрина қабылданды. Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамы түзілді, ықтимал қауіптер негізінде мемлекеттің

әскери географиясы қайта қаралды.

Сағадат Қожахметұлы стратегиялық ойлау қабілетімен, жоғары интеллектісімен, терең білімі мен орасан зор жұмыс қабілеттілігімен ерекшеленетін. Ол кісінің бай өмірлік және әскери тәжірибесі еліміздің Қарулы Күштерін құрудың қиын кезеңдерінде аса сұранысқа ие болды. Орта Азия әскери округі басшыларының бірі ретінде ол Қазақстанның әскери географиясын, құрамалар мен мекемелердің, техника мен қару-жарақты сақтау базаларының орналасқан жерін, олардың басшыларын жақсы білді, республика аумағында орналасқан барлық бөлімдерде болды.

Бір сөзбен айтқанда Сағадат Нұрмағамбетовтің басшылығымен қысқа мерзім ішінде орасан зор жұмыстар атқарылды. Қазіргі Қазақстан Қарулы Күштерінің заманауи бейнесінің негізі сол тұста қаланды. Құрметті демалысқа шыққан соң да Сағадат аға армиямен тығыз байланыста болып, қоғамдық өмірге, әскери-патриоттық тәрбие ісіне белсене араласты.

Сағадат ағамыз көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған тұлға. Ол төзімділіктің, ерліктің, Отанға шексіз берілгендіктің озық үлгісі бола білді.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов қандай атаққа ие болса да, КСРО мен Варшава шарты елдерінде қандай лауазымда қызмет етсе де, ол әрқашан жеке құрамға ерекше назар аударды.

2005 жылы ол Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай Біріккен Ұлттар Ұйымының трибунасынан сөз сөйлеу құрметіне ие болған екінші дүниежүзілік соғыстың жалғыз ардагері болатын. Сағадат

Қожахметұлы Нью-Йоркте болған күндері зайыбы Лира Сабировна қайтыс болды. Маған ақсақалды Алматы әуежайынан қарсы алу тапсырылды. Мені көрген бетте, ол бірден: «Не болды?» деген сұрақ қойды. Сол жолы соғыс қаһарманының көз жасын көрдім...

2013 жылы Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов 89 жасында қайтыс болды. Алматыдағы Кеңсай зиратында жерленді.

2024 жылғы 14 наурызда Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге» деген ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» орденінің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атау туралы ұсыныс тастады. Бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болмақ.

Қаһарман бейнесі – халық жүрегінде. Бүгінде Құрлық әскерлерінің әскери институты С.Нұрмағамбетовтің атымен аталады. Елорданың бір көшесі мен Әскери колледжге есімі берілген. Туған ауылында тарихи мұражайы да бар.

«Қарулы Күштердің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Ақмола облысы Ақкөл ауданы Еңбек ауылына батырдың есімін беру туралы бастама жасады.

**Мұхтар АЛТЫНБАЕВ,
Халық қаһарманы,
Армия генералы**



ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС БАТЫРЫ

Биыл баһадүр батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Ғасырлық той қарсаңында қазаққа біткен қайсар ерлеріміз хақында мәлімет ұсынуды жөн санадық.

НЕБӘРІ 21 ЖАСТА...

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге

келген.

1942 жылы мектеп қабырғасынан Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түрікменстанның Кушка қаласындағы әскери училищеге жіберілді. Оқуын

бітірген соң 1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Одан әрі екі жыл бойы пулемет взводының, пулемет ротасының командирі, 5-ші екпінді армияның II дәрежелі Суворов

орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты.

1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша



жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы екі күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Қаланы жау әскерінен тазарту кезінде де әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді. Мұнан кейін Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жердің көзін жояды. Сөйтіп, оның ротасы Кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды.

Осы ерлігі ескерусіз қалмады. Сол жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының батыр атағы беріледі.

Осыдан соң майор Сағадат Нұрмағамбетовтің батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысып, қаһарман қазақ ұланы соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі М.И.Фрунзе атындағы Әскери академияны тәмамдап, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Содан соң әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде



Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Венгрияда Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда оқыды.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1989 жылдан бастап, Қазақ ССР Еңбек және соғыс ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіндегі Ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал, 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Армиядағы басты қағида – дара басшылық. Бейбіт уақытта да Сағадат Қожахметұлы алдыңғы қатарда болды. Қазақстандағы әскери құрылым оның қатысуынсыз болмады. Тарих пәнінің мұғалімі болу бұйырмаса да, ол өзінің ерекше тағдырымен республиканың әскери басшыларының тарихын

ОЛ ЖАС ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІН ҚҰРҒАН ТҰҢҒЫШ ЖАН БОЛДЫ. ОНЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ӨЗІ ТАҢДАДЫ. ОҒАН «ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН КЕЗДЕ ЕЛДІҢ ӘСКЕРІН БАСҚАРАТЫН БІР ГЕНЕРАЛ ІЗДЕП, ЖАЛҒЫЗ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫ ТАПТИМ» ДЕГЕН СӨЗІ ДӘЛЕЛ.

құрып берді. Өмірінің ең үлкен кезеңін – 1942 жыл мен 1996 жыл аралығын ол әскери мансабына арнады.

Ол жас тәуелсіз мемлекеттің Қорғаныс министрлігін құрған тұңғыш жан болды. Оны Тұңғыш Президент өзі таңдады. Оған «тәуелсіздік алған кезде елдің әскерін басқаратын бір генерал іздеп, жалғыз Нұрмағамбетовты таптым» деген сөзі дәлел.

Сол кезде қазақтар арасынан бірде бір полк командирі болмады, әскери училищеде небәрі екі әскери мамандыққа оқытты, орасан зор материалдық-техникалық ресурстарды ысырап ету, жақсы кадрлардан айрылу қаупі болды. Бәрін бір уыстың астында ұстау, бәрін орнықты қолдану, әскери машинаны қозғалысқа келтіру үшін ерлік, ерік-жігер, дәл осындай әскери басшының тәжірибесі қажет болды.

Тәжірибесі мол Сағадат ел әскерін аяқтан тұрғызу үшін барын салды. Мемлекет қауіпсіздігін сақтауда, қорғанысымызды нығайтуда жасаған реформалары қаншама. Енді егемен алған елде жас офицерлерді әскери машыққа баулу жолында көп тер төкті. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз еліміз әскерінің іргетасын қалағандардың бірі. Елбасы – Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Бас қолбасшымен бірге тәуелсіз елдің әскерін құруға көп еңбек сіңірді.

Қазақ елінің Қарулы Күштерін қалыптастыру жолындағы сол еңбегі үшін Президент Жарлығымен (1994 жылдың 23 мамырында) тұңғыш Қорғаныс министрі Нұрмағамбетовке алғашқы «Алтын жұлдыз» сыйлығы мен Халық қаһарманы атағын берді. 1995 жылғы қарашада Армия генералы атағымен отставкаға шығып, ел Президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Қожахметұлы



Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары Республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет Қаулысымен Астана қаласындағы «Жас ұлан» мектебіне Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шетелдердің ордендерімен марапатталды. 2013 жылы 24 қыркүйекте 90 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Бар саналы ғұмырын туған елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға арнаған ірі әскери қайраткер халқының шынайы зиялысы, қадірменді ақсақалы болды.

62 ЖЫЛДАН СОҢ...

1945 жылдың 30 сәуірі. Жеңіс туын тіккен қазақ – Рақымжан Қошқарбаев. Жылдар бойы айтылмаған ақиқат 62 жылдан кейін жарыққа шықты. 2007 жылы ресми мойындалған бұл күнді кейінгі ұрпақ біле жүрсін.

Көп уақыт бойы Рейхстагқа ту тіккен кіші сержант Кантария екен деген пікір

басым болды. Бірақ шын мәнісінде бәрі басқаша болғаны бәрімізге мәлім. Рейхстаг шабуылы кезінде 20-дан астам ту тігілген. Олардың ішінен ең алғашқылары қазақ Рақымжан Қошқарбаев және Григорий Булатов еді. 150-ші атқыштар дивизиясының соғыс қимылдары журналына сәйкес 30 сәуір 1945 жылы сағат 14:25 кезінде лейтенант Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Булатов «жер бауырлап ғимараттың орталық бөлігіне келіп, бас кіреберістің сатысына қызыл туды орнатты». Бұл кезде Рейхстаг үшін күрестің ең қызып жатқан кезі еді.

Туды орнатуды Қошқарбаевтың өзі былай сипаттайды: «Комбат Давыдов мені терезе қасына шақырды. «Көрдің бе, - дейді, - Рейхстагты? Керекті адамдарды таңда, туды тігетін боласыңдар». Сосын маған сырты оралған, ауыр салмақты матаны берді. Бұл қара қағазға оралған ту еді.

Бір топ барлаушылармен терезеден шықтық. Біраз уақыттан кейін бәрімізге жерге жата қалуға тура келді. Атыс үдей түсті. Қасымда тек бір-ақ жауынгер қалды. Ол Григорий Булатов болған. «Біз не істейміз, жолдас

«ШЫН МӘНІСІНДЕ БІЗДІҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ БҮРКІТ ПЕН ҚЫРАНМЕН САЛЫСТЫРУ ЕШ КЕРЕК ЕМЕС. ЕШҚАНДАЙ БҮРКІТ ҚОШҚАРБАЕВПЕН ТЕҢ КЕЛЕ АЛМАЙДЫ. ОЛ МЕНІҢ КӨЗІМШЕ РЕЙХСТАГҚА ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН. БҰНДАЙ БАТЫРДЫ СИПАТТАУ ҮШІН МҮЛДЕМ БАСҚА ТЕҢЕУЛЕР МЕН ОБРАЗДАР, ЖАҢА ПОЭЗИЯ КЕРЕК»,

лейтенант?» - деп сұрай берді. Біз екеуіміз суға толы шұңқыр қасында жаттық. «Туға өз тегілерімізді жазып қояйық», - деп ұсындым. Содан соң химиялық қарандашпен: «674 полк, 1 батальон» сөздерін жаздық. Қасына өз аттарымызды қостық: «лейтенант Қошқарбаев, жауынгер Булатов». Сол жерде қараңғы батқанға дейін жатуға тура келді. Сосын артиллерия соққы жасай бастады. Осы сәтте Рейхстагқа қарай жүгірдік. Құрылысқа жеткен кезде мен Булатовты көтердім, оның бойы екінші қабатқа жетті. Екінші қабат деңгейінде туды орнаттық...».

Қошқарбаевтың айтуы бойынша, Рейхстаг алдындағы ашық 270 метрлік алаңды жер бауырлап өту үшін 7 сағат кетті. Рақымжан Қошқарбаев жолдасының естелігі бойынша: «Ол сонда жеткен кезде, немістер ғимараттың жертөлесі мен жоғарғы қабаттарында болған. Рақымжан туды ілген кезде жауынгерлер рухтанып, «Ура!» деп шабуылға шықты. Осыдан кейін Рейхстаг құлайтыны анық болды».

«Рейхстагтың дәл кіреберісіне Қошқарбаев пен Булатов орнатқан полктік ту жай ғана қызыл матаға ұқсас еді. Кейін Қызыл Әскер Рейхстагқа шабуылын үдете түскен сәтте осындай тулар жан-жақтан орнатыла бастады. Бірақ туды Қошқарбаев пен Булатов орнатқанын барлық командирлер де, маршал Жуков та білетін. Алайда ресми Жеңіс туын көтеру рәсіміне олар қатыстырылмады. Аталған ту соғыс қималдары аяқталғаннан кейін, 2 мамыр күні тігілді. Басшылықтың ұйғарымы бойынша туды орнатуға Кантария мен Егеров бекітілді. Ал алғаш болып туды тіккендер бұл категорияға кірмей қалды», - дейді Жанаев.

Тарихта Егеров пен Кантария аттары алғашқы





ту тігушілер болып қалды. Оларды таңдау астарында идеологиялық себептер болған.

Қошқарбаевтың жасаған ерлігі туралы жазушы Борис Горбатов, танымал кинооператор Роман Кармен өз пікірлерін ашық білдіріп кеткен. «Шын мәнісінде біздің жауынгерлерді бүркіт пен қыранмен салыстыру еш керек емес. Ешқандай бүркіт Қошқарбаевпен тең келе алмайды. Ол менің көзімше Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен. Бұндай батырды сипаттау үшін мүлдем басқа теңеулер мен образдар, жаңа поэзия керек», - деп жазып кеткен Горбатов. Ол мақаласы 18 желтоқсанда 1948 жылы шыққан «Литературная газетада» шыққан болатын.

Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін мойындағандар арасында дивизиялық газетаның корреспонденті Василий Субботин болған. Өз кезінде журналист осы жайында бірнеше рет жазған еді.

Субботиннің соңғы сақталған естеліктерінің бірінде аталған мәселе туралы пікірі анық байқалады. «Мен осы 15 жыл ішінде Қошқарбаев пен Булатов істеген ерлік ұмытылып бара жатқанына қынжыламын. Ешкімнің аты бұлардың ерлігін жасыра алмас».

Көптеген жылдар өткеннен кейін ғана қоғам тарихи әділеттілікті орнату бағытында мардымды қадамдар істей бастады. Бауыржан Момышұлы айтуымен жас қазақ журналисі Кәкімжан Қазыбаев 1958 жылы «Лениншіл жас» газетінде «Жас қазақтың ерлігі» атты мақала жариялады. Мақала арқылы батырлардың есімдері бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Соғыстан кейін Рақымжан Қошқарбаев «Алма-Ата» қонақ үйінің басқарушысы болып жұмыс істейді. Оған Кеңес Одағы батыры атағы берілмеді. Бауыржан Момышұлы, Кәкімжан Қазыбаев, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев секілді қоғам белсенділері Рақымжан

Қошқарбаевқа Батыр атағы берілуіне әрекет еткен. Қонаевтың өзі Қошқарбаев пен Булатовты марапаттау туралы мәселені көтерген еді. Бірақ ол билік тарапынан жауапсыз қалды. Сол кездің өзінде Бауыржан Момышұлы Ресей архивтеріне кіруге рұқсаты болатын. Сол арқылы

Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағы батыры атағын беру туралы бұйрықты іздеп тапқан. Бірақ құжатта Сталиннің қолтаңбасы болған: «Бермеу!» (отказать). Неге? Себебі, Рақымжан Қошқарбаевтың әкесі 1937 жылы репрессияланған болатын.

Бірақ бұл әділетсіздік біздің жерлесімізді құлата алмады. Оның қызының айтуы бойынша, Рақымжан аға осы жағдайға байланысты ешқашан көңіл-күйін түсіріп, ренжіген емес. Рақымжан Қошқарбаев Алматы қаласының депутаты болып үш мәрте сайланған. «Жеңіс туы» және «Шабуыл» атты екі кітап жазып шыққан.

2005 жылы Әділ Медетбаев Рақымжан Қошқарбайұлы туралы «Шабуыл» атты деректі фильм түсірді. Ал жақында Ресейдің ресми арнасы «Россия 24» Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін мойындады. Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, Президент Жарлығына сәйкес Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.


P.S. Қазір елімізде қос батырдың мерейлі мерекесіне арналған іс-шаралар қолға алынып жатыр. Соның ішінде жыл басынан бері ҚР Қорғаныс министрлігі мұрындық болуымен көшпелі көрмелер, еске алу кештері, кездесулер, дөңгелек үстелдер, акциялар, челленджер өткізіліп жатыр. Сондай-ақ, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың құрметіне батырдың туған жері Ақкөл қаласында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы алаңға Қорғаныс министрлігі ескерткіш орнатады.

Ал Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай тумаластары Астанаға іргелес ауылында ас беруді ойластырып, батырдың рухына бағыштауды жөн санап отыр. Батыр бабаларымыздың рухы биіктей берсін!



МАСТЕР ВОЗДУШНЫХ БОЕВ

Он прошел всю войну — от начала и до конца. Сбил десятки вражеских самолетов, совершил несколько воздушных таранов, получил именную самолет в дар от земляков. Летчик-ас из Казахстана стал прототипом одного из героев легендарного фильма «В бой идут одни старики», а отдельные эпизоды из его боевых воспоминаний вошли в сценарий этой знаменитой киноленты. Это — дважды Герой Советского Союза Сергей Луганский.



Сергей Данилович Луганский родился 1 октября 1918 года в городе Верном (Алматы) в крестьянской семье. В 1936 году окончил неполную среднюю школу и работал садовником. В том же году был призван

в Красную Армию и был направлен по комсомольской путевке в Оренбургскую военную авиационную школу летчиков. После ее окончания в 1938 году служил в 14-й авиационной бригаде в Пскове

В 1939-1940 годах младший лейтенант Луганский участвовал в советско-финской войне, за время которой сделал 59 боевых вылетов и сбил один самолет противника, за что был награжден орденом Красной Звезды.

Один из эпизодов запомнился Сергею больше всего.

«28 февраля пурга утихла. Мощный артиллерийский шквал потряс укрепления белофиннов. В воздух поднялась авиация...

...С заранее подготовленных позиций двинулись в наступление наши танки, окрашенные в белый цвет, они почти совсем сливались со снегом. Следом за танками поднялась пехота.

Артиллерия перенесла

огонь в глубину обороны противника.

В этот момент со мной произошел крайне неприятный случай.

Совершенно неожиданно я почувствовал, что с моим самолетом творится что-то неладное. Его вдруг дернуло, вскинуло и, несмотря на все мои отчаянные усилия, перевернуло. Земля близко, и без запаса высоты я ни за что не смог бы выправить машину. На раздумья и принятие решения оставались считанные секунды. Вот-вот самолет могло кинуть в штопор и тогда...

Сильным, заученным еще в школе рывком я выбросился из кабины и камнем полетел вниз. Вскоре раскрылся парашют. Но самое прискорбное было то, что





от резкого рывка с ног моих слетели тяжелые меховые унты, и я остался в одних носках. А мороз тогда стоял свыше пятидесяти градусов, и мы даже на лицо надевали предохранительные маски из тоненьких кротовых шкурок.

Приземлился я в глубокий, высушенный морозом сыпучий снег. Освободился от парашюта, вынул пистолет и огляделся. Эскадрилья моя ушла вперед, кругом было тихо, белофиннов не видно. Видимо, я находился на нейтральной полосе...

...Сейчас трудно сказать, сколько мне пришлось бежать. Помню лишь, что я бежал, бежал из последних сил, бежал! Только бы не отморозить ноги!.. К счастью, я натолкнулся на наше боевое охранение, бойцы провели меня в землянку и в несколько рук принялись оттирать снегом».

С октября 1941 года Луганский воевал на фронтах Великой Отечественной войны. Был командиром эскадрильи 270-го истребительного авиаполка. Совершал вылеты на штурмовку наземных сил врага, прикрытие штурмовых групп, перехват самолетов противника, воздушную разведку. Советские истребители совершали в день по 4-5 вылетов. Однажды, когда вспыхнула схватка с Ме-109, Луганский сразу одержал две победы. Вначале он поймал в прицел «Мессер», расстрелявший на вертикали машину командира полка И. Попова, а затем атаковал немецкий истребитель, повисший в хвосте у его товарища. Оружие молчало. Быстро перезарядив пушку, Луганский на крутом вираже вновь догнал врага - на этот раз осечки не было. Учтя опыт этого поединка, летчик впоследствии писал:

«Нам нужно навязывать врагу свою манеру боя на виражах. Правда, летчик при этом сильно страдает от перегрузок, но это пока единственное средство измотать противника, лишит его маневренности. Общеизвестно, что немцы не выдерживают лобовых атак, уклоняются от боя на виражах, избегают правых разворотов, чаще всего применяют левые фигуры. Значит, врагу надо навязывать такие положения, при которых дают о себе знать конструктивные недостатки «Мессершмитта», несколько зависающего на вертикалях. К примеру, немецкий самолет взмыл вверх. Гнаться бесполезно: «Мессер» быстроходнее. Лучше уйти в сторону и встретить врага на вираже, атакуя в лоб».

Очень скоро слава о Луганском и его боевых товарищах загремела по всему фронту. Летая под Таганрогом на истребителе ЛаГГ-3, он уничтожил несколько вражеских машин. Вскоре часть эскадрильи была перевооружена на старые И-16.

Под Батайском и Ростовом-на-Дону Луганский сбил четыре вражеских самолета, был награжден орденом Красного Знамени. Горечь поражений Луганский испытал, когда новый командир полка поставил ему задачу сопровождать днем девять тихоходных бомбардировщиков СБ. Пара «ЛаГГов» была просто

не в состоянии обеспечить им эффективную защиту - с задания вернулись всего три машины.

Горестным для Луганского стало и 8 сентября 1941 года. В этот день он потерял двух лучших своих друзей: В. Козлова и В. Пешкова. Тогда два звена наших истребителей встретили 18 самолетов противника. В завязавшемся бою один из немецких пилотов сбил машину Владимира Пешкова. Луганский настиг Ме-109 и уничтожил его, но и его самолет получил повреждения. Пилоту снова пришлось положиться на парашют. После падения Ростова на юго-западном направлении действовало немало немецких асов...

В разгар Сталинградского сражения капитан Луганский приобрел уже немалый боевой опыт, и не случайно в штабе фронта именно ему в сентябре 1942 года было приказано прикрыть переправы через Волгу. Прикрыть любой ценой, под угрозой трибунала.

14 сентября в полку оставалось всего 18 самолетов, восемь из них Луганский поднял в воздух. В районе патрулирования советские истребители сразу столкнулись с группой бомбардировщиков He-111 в сопровождении истребителей Ме-109. Времени для маневра не оставалось, и Луганский бросил машины в лобовую атаку, выбрав себе ведущего «Мессера». В критический

момент пилот Люфтваффе попытался уйти вниз, но было уже поздно, и крыло «ЛаГГа» начисто снесло хвостовое оперение Ме-109. Этот случай подтвердил высокую живучесть самолета Лавочкина - после столкновения Луганский не только не покинул поле боя, но и продолжил боевые действия (на ЛаГГ-3 он провоевал полтора года). Переправы не пострадали...

После Сталинграда он сражался в небе Белгорода и Харькова, Полтавы и Кременчуга, Черкасс и Кировограда. Только в боях под Белгородом Сергей сбил еще четыре самолета, за что награжден вторым орденом Красного Знамени.

В начале 1943 года изрядно поредевший 270-й истребительный авиаполк был отведен в тыл на переформирование, а потом, оснащенный истребителями Як-1, принял участие в новых воздушных схватках. В июне 1943 года летчики его эскадрильи (12 машин) провели знаменитый бой, в котором они атаковали около 80 немецких бомбардировщиков и сбили 12 из них.

5 июля 1943 года Луганский одержал свою очередную победу, отправив к земле Ме-109. Вскоре он встретился в воздухе и с хваленными FW-190. Ему быстро удалось сбить на вираже ведомого пары «Фоккеров», а затем он догнал и второй вражеский самолет. Привычный вертикальный





маневр на этот раз не спас пилота Люфтваффе от более легкого «Яка». Пушечная очередь сделала свое дело, и «Фокке-Вульф» загорелся.

В ходе контрнаступления советских войск под Курском на фюзеляже самолета Луганского появилась 20-я звездочка. В течение двух дней, 4 и 5 августа, он уничтожил четыре вражеских самолета (по два в каждый из дней). В конце августа провел примечательный воздушный бой с немецким разведывательным He-111. Начав браться, Луганский был вынужден срочно взлететь по приказу комдива, с мылом на лице, без гимнастерки и не пристегнув парашюта. Опытный экипаж противника оказался крепким орешком. Бомбардировщик был подбит только тогда, когда его хвостовой стрелок расстрелял весь боезапас и был убит пулеметной очередью нашего аса.

27 сентября 1943 года войска Степного фронта форсировали Днепр у села Мишурич Рог. Во главе

эскадрильи Луганский вылетел на самолете Як-7 для прикрытия штурмовиков. В это время к переправе приблизилась группа бомбардировщиков Ju-88 и He-111 под прикрытием истребителей Me-109. В бой наравне с истребителями пришлось вступить и штурмовикам. Атака «Юнкерсов» была отбита, но к переправе прорвались «Хейнкели». Луганский выбрал для атаки флагмана, подошел к нему снизу и пропеллером рубанул по рулю высоты. «Хейнкель», потеряв управление, рухнул на землю. Поврежденный при таране истребитель Луганскому удалось благополучно посадить на своем аэродроме. За второй таран Сергей был награжден орденом Александра Невского.

К декабрю 1943 года Луганский в воздушных боях на 2-м Украинском фронте лично сбил еще 13 вражеских самолетов. В одном из боев был ранен и до полного выздоровления вернулся

на родину - в город Алма-Ату (конец декабря 1943 года). Там его встретили с большим энтузиазмом. Газета «Казахстанская правда» 29 декабря 1943 года посвятила ему специальный выпуск. В опубликованном тогда же обращении ко всем комсомольцам и молодежи Алма-Аты городской комсомольский актив призывал: «...Соберем средства на новогодний подарок нашему герою! Подарим ему быстрокрылый самолет!..»

Это патриотическое желание было выполнено: 180 тысяч рублей собрали, а директор авиазавода помог пилоту остановить выбор на облегченном Як-1Б, специально подготовленном для участия в конкурсе на лучший истребитель. На фронт летчик вернулся уже на именной машине с надписью на борту: «Герою Советского Союза Сергею Луганскому от комсомола и молодежи г. Алма-Ата».

В мае 1944 года летчики полка осуществляли

воздушное прикрытие 1-го гвардейского штурмового авиационного корпуса под командованием В. Г. Рязанова, в составе 1-го Украинского Фронта.

В июне, после гибели командира полка, Сергей Луганский возглавил часть, переименованную вскоре в 152-й гвардейский ИАП. А через несколько дней после вступления в должность он едва не погиб, атакованный при посадке парой немецких «охотников».

Истребитель Луганского уже выпустил шасси, когда поступило предупреждение с земли. Ведомый, молодой летчик Виктор Усов, сумел сбить напарника аса Люфтваффе, но и сам попал под огонь противника - в воздухе остались только два самолета. Луганского спасло лишь то обстоятельство, что при выпуске шасси его истребитель несколько «просел» в воздухе и вражеская очередь прошла выше.

Пока «Як» убирал шасси, немецкий пилот успел выполнить еще один заход - пули разбили фонарь кабины, приборную доску и зацепили пистолет на боку... Затем наступила очередь Луганского идти в атаку. Почти без горючего, облегченный до предела Як-1Б послушно лег в глубокий вираж. Оказавшись в хвосте «Мессершмитта», советский ас нажал на гашетку оружия. Вначале от «Мессера» отлетели куски, а затем снаряд угодил точно в двигатель. Совершивший вынужденную посадку на краю аэродрома пилот (по словам самого Луганского) имел на счету около 70 воздушных побед и был удостоен высших наград Рейха.

По некоторым источникам, сбитый им пилот оказался



действительно известным немецким асом: Отто Фенклюд из истребительной эскадры JG 52, имел на счету 136 побед, включая 30 - одержанных на Восточном фронте. На следующий день командующий 1-м Украинским фронтом, маршал И. С. Конев лично посетил аэродром, где находился сбитый Me-109 и приказал наградить Луганского второй «Золотой Звездой». 1 июля 1944 года Сергей Данилович стал Дважды Героем Советского Союза. К тому времени он выполнил 335 боевых вылетов и лично сбил 33 самолета.

Вообще Луганскому часто «везло» на встречи с немецкими асами. Еще в боях над Волгой он сбил нескольких летчиков с полным набором Железных Крестов. Во время боев за Львов, Луганский часто летал на «свободную охоту» с Героем Советского Союза Евгением Петровичем Меншутиным.

В одном из вылетов они встретили пару Me-109, один из которых имел ярко-красный капот двигателя. В завязавшемся бою Евгений Меншутин сбил ведомого, а Луганский - ведущего пары. Пилотом «красноногого» Me-109 оказался известный итальянский ас. По словам самого Луганского, это был некий Джибелли, имевший более 50 воздушных побед и награжденный тремя Железными Крестами.

Довелось Луганскому встретиться в учебном поединке и с американским летчиком. Весной 1944 года полк посетила делегация США, и один из ее членов, полковник Бонт, выразил сомнение в летных данных «Яков» с фанерной обшивкой крыла. Луганский тут же предложил ему состязание в небе. Уже со второго захода

ГОРЕСТНЫМ ДЛЯ ЛУГАНСКОГО СТАЛО И 8 СЕНТЯБРЯ 1941 ГОДА. В ЭТОТ ДЕНЬ ОН ПОТЕРЯЛ ДВУХ ЛУЧШИХ СВОИХ ДРУЗЕЙ: В. КОЗЛОВА И В. ПЕШКОВА. ТОГДА ДВА ЗВЕНА НАШИХ ИСТРЕБИТЕЛЕЙ ВСТРЕТИЛИ 18 САМОЛЕТОВ ПРОТИВНИКА. В ЗАВЯЗАВШЕМСЯ БОЮ ОДИН ИЗ НЕМЕЦКИХ ПИЛОТОВ СБИЛ МАШИНУ ВЛАДИМИРА ПЕШКОВА.

советский летчик повис в хвосте у «Кингкобры» американского полковника, и как последний не старался, он ничего не смог поделать.

Наказ трудящихся Казахстана - не щадя сил уничтожать немецких захватчиков - Сергей Данилович выполнил с честью. Это убедительно доказывают многие боевые документы, относящиеся к двум последним годам войны. В одной из фронтовых листовок, посвященной подвигам летчика, написано следующее:

«Сотни глаз устремились к небу, где в безоблачной синеве разыгралось жестокое воздушное сражение. Четыре истребителя Як-1, прикрывавшие группу

штурмовиков, отражали нападение десяти «Мессершмиттов». Бой шел над румынской землей. Стояло лето 1944 года...

Неравная схватка в воздухе длилась уже несколько минут. Наш «Як» сверкнул плоскостями, ринулся на вражеский истребитель, и тот дымным факелом понесся к земле. Но в то же мгновение советские воины, не спускавшие взоров с неба, почуяли сердцем беду: к победителю с тыла подбирался другой «Мессер», вот сейчас он ударит по нашему «ястребку».

...Неожиданно для всех, советский летчик умелым маневром вывел свою машину из-под вражеского огня и сам оказался в хвосте неприятеля.





Еще несколько секунд и вражеский самолет вспыхнул. Второй!

В это время в небе появился новый вражеский отряд: 18 «Юнкерсов». На земле увидели: тот самый «Як», что уничтожил сейчас два истребителя, ринулся навстречу противнику. Летчик-герой атаковал головной бомбардировщик. Вот и эта машина беспорядочно завертелась, оставляя в небе дымный след... Три вражеских самолета обречены на гибель советский истребитель за считанные минуты! Пилотом этого «Яка» был майор С. Д. Луганский.

Когда в июне 1944 года Сергей Луганский был назначен командиром 157-го гвардейского авиаполка, его земляки решили собрать средства на покупку новых самолетов для передачи в этот полк. Прошло немного времени, и в республиканской печати появилось сообщение, что часть получила прекрасный подарок - 12 новейших истребителей Як-3 с надписью на борту «Комсомолец Казахстана».

157-й гвардейский истребительный авиационный полк под командованием гвардии майора С. Д. Луганского, после успешных боев за город Сандомир (Польша), получил наименование «Сандомирский». Был награжден орденами Богдана Хмельницкого и Александра Невского.

О своих боевых делах летчик не раз отчитывался перед земляками. В одном из писем, опубликованном в печати, обращаясь к трудящимся столицы Казахстана, он писал: «Примите привет от летчиков моей части. Сейчас сокрушаем врага в воздухе

НЕРАВНАЯ СХВАТКА В ВОЗДУХЕ ДЛИЛАСЬ УЖЕ НЕСКОЛЬКО МИНУТ. НАШ «ЯК» СВЕРКНУЛ ПЛОСКОСТЯМИ, РИНУЛСЯ НА ВРАЖЕСКИЙ ИСТРЕБИТЕЛЬ, И ТОТ ДЫМНЫМ ФАКЕЛОМ ПОНЕССЯ К ЗЕМЛЕ. НО В ТО ЖЕ МГНОВЕНИЕ СОВЕТСКИЕ ВОИНЫ, НЕ СПУСКАВШИЕ ВЗОРОВ С НЕБА, ПОЧУЯЛИ СЕРДЦЕМ БЕДУ: К ПОБЕДИТЕЛЮ С ТЫЛА ПОДБИРАЛСЯ ДРУГОЙ «МЕССЕР», ВОТ СЕЙЧАС ОН УДАРИТ ПО НАШЕМУ «ЯСТРЕБКУ».



и на земле. Ваш самолет в полной боевой готовности, цел и невредим. На нем каждый день я дерусь с противником. Близок час окончательного разгрома, скоро встретимся».

Так же, как и труженики Казахстана, денежные средства для приобретения самолетов авиационному полку С. Д. Луганского собрали и волжане. На эту цель поступили крупные суммы от членов колхозов «Коминтерн» и «Пробуждение» Терновского района Саратовской области.

...Фронт двигался на запад. Сергей Данилович участвовал в освобождении народов Польши. В боях под Бреслау, гарнизон которого был окружен войсками 1-го Украинского фронта, он сбил еще один, 37-й по личному счету, вражеский самолет. Пистолет, взятый у попавшего в плен немецкого пилота, был передан на вечное хранение в Центральный музей Вооруженных Сил СССР, где был выставлен вместе со шлемофоном нашего отважного летчика.

В марте 1945 года командующий фронтом маршал Конев своим приказом направил гвардии майора Луганского на учебу в Военно-воздушную академию. Узнав, что все имущество дважды Героя состоит из

пары белья, гимнастерки и бритвенного набора, он подарил ему трофейный «Мерседес», на котором тот и приехал с фронта в Монино.

Всего же за период войны Сергей Луганский совершил 390 успешных боевых вылетов, в воздушных боях одержал по официальным данным 37 побед лично и пять в группе с товарищами. Его полк уничтожил 245 самолетов противника.

После окончания академии, Сергей Данилович командовал авиационными соединениями ПВО страны. Генерал-майор авиации С. Д. Луганский летал до 1963 года на разных типах реактивных истребителей - от МиГ-15 до МиГ-19. Вышел в запас в 1964 году. Этот беззаветный воздушный боец трогательно любил цветы, в часы досуга заботливо ухаживал за собранной им коллекцией...

Написал книги «На глубоких виражах», «Небо остается чистым». Ряд эпизодов из книги «На глубоких виражах» вошли в основу фильма «В бой идут одни старики», а собирательный образ Кузнечика из «Поющей эскадрильи» был списан в том числе и с дважды Героя Советского Союза А. Луганского.

Фархат КИНЖИТАЕВ



Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери жауынгер Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінің шын аты Момынәлі, бірақ халық арасында Момыш деп аталып кеткен. Ол – 1911 жылы 92 жасында қайтыс болған Иماشтың төртінші ұлы. Ал әжесінің есімі Қызтумас, қартайған кезінде оны Сарыкемпір, ақ әже деп атап кетті.



Әкесі Момыш 33 жасында шаңырақ көтерді. Анасы Разия – Байтан руының ұрпағы Әбдірахманның қызы. Алайда, болашақ халық батыры анасынан ерте айырылды. Разия Бауыржан үш жасқа келгенде қайтыс болды. Сол себептен, Бауыржан Момышұлының ана туралы барлық ойлары негізінен әжесі мен әкесінің әңгімелерімен қалыптасты. Сондай-ақ, қазақтың батыр ұлының өзінен үлкен төрт әпкесі болды.

1929 жылы Бауыржан тоғыз жылдық Әулиеата мектебін бітіреді. 1934 жылға дейін аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы,

аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, көмекшісі, сосын аудандық прокурор, аудандық діни бөлімнің меңгерушісі секілді түрлі лауазымдарды атқарды. 1932 жылдың қаңтарынан қараша айына дейін Қазақ КСР-нің «Госплан СНК» секторының меңгерушісі болды.

Бауыржан Момышұлының соғысқа дейінгі азаматтық мансабы осылай дамыды. 1934-1936 жылдары КСРО Промбанк Қазақ республикалық басқармасының аға кеңесшісі болып қызмет етеді. Сонымен қатар ол Ленинград қаржы

академиясында қысқа курстарды аяқтады.

Сол жылдары бірінен кейін бірі ел өміріне елеулі соғыс оқиғалары кіре бастады. Бауыржан 1932 жылы әскери қызметке шақырылып, 14-ші тау атқыштар полкінің курсанттар қатарына алынды. 1933 жылы ол сол бөлімде взвод командирі болды. Отан алдындағы борышын өтеп шыққаннан кейін әскери жұмыстан босатылды. Ал 1936 жылы 25 наурызда Момышұлы қайтадан әскери қызметке шақырылып, Орталық Азия әскери округінің 315-ші атқыштар полкіне взвод командирі болып



тағайындалды. Бір жылдан кейін оның полкі Қызыл ту Қиыр шығыс армиясының арнайы бөлімшесіне қосылып, Бауыржан жартылай ротаның командирі болды.

Соғыс басталғанға дейін Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясының артиллериялық бөлімін басқарды. 1940 жылдың ақпанында Житомирге 202-ші жеке қарсы бөлімшенің командирі болып тағайындалды. 1941 жылдың қаңтарында тәжірибелі артиллериялық командир Алматыға жіберілді. 1941 жылдың шілде айында жаңа 316-шы атқыштар дивизиясының жаңадан құрылған штабына Қазақстан мен Қырғызстаннан қосымша әскер алына бастады.

Сонда Бауыржан Момышұлы жаңадан құрылған дивизияның 1073-ші атқыштар полкінің атқыштар батальонының командирі болып тағайындалды. Осыдан бастап ол ұрыс алаңында жүрді. Солардың ерекшесі Мәскеуді қорғау шайқасы. Сол кезде панфиловшылар үшін өте маңызды сәтте, 1941 жылдың қараша айында Бауыржан Момышұлы 19-шы гвардиялық атқыштар полкіне командир болады. Аталмыш полктің басқа бөлімшелерімен бірге немістердің Мәскеуге кіруіне жол бермеді.

1941 жылы 19 желтоқсанда Момышұлы капитан болды. Капитан Бауыржан Момышұлы фашистік басқыншылармен шайқаста жеке батылдық пен шексіз ерлік көрсетті. Жауынгерлік еңбегі үшін Момышұлы жоғары мемлекеттік марапатқа – Ленин орденіне ұсынылды. Бірақ, ол бұл марапатты алмады. Калинин майданының қолбасшысының 1942 жылғы 6 маусымдағы № 0196 бұйрығымен оның бірінші марапаты Қызыл Ту ордені болады. Ержүрек қазақ батыры ұйымдастырушылық



қабілеттерге ие және полк бөлімшелерінің жауынгерлік әрекеттерін шебер басқара алды. 1942 жылдың тамыз айынан бастап Момышұлы өзінің Панфилов дивизиясына командир болып барды.

1942 жылдың қазан айында Момышұлына подполковник, сегіз айдан кейін полковник атағы берілді. Алайда, Крюковка үшін шайқаста алған жарақаттың салдарынан Момышұлы біраз уақыт ауруханада жатты. 1945 жылдың 21 қаңтарында Момышұлы II Балтық фронтының 6-гвардиялық армиясының 9-гвардиялық атқыштар бөлімінің командирінің орынбасары болып тағайындалды.

1945 жылдың ақпанаурыз айларында, Приекуле станциясының солтүстік-батысында Момышұлы басқарған бөлімшелердің күшімен күшейтілген жаудың қорғаныстары бұзылды. Бөлімшенің шебер әрекет етуінің нәтижесінде 15 елдімекен жау қолынан

босатылып, немістерге айтарлықтай зиян келтірілді.

1946 жылы Бауыржан Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болды. Ал 1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1948 жылдың аяғында полковник Момышұлы құрлықтағы әскерлердің бас қолбасшылығына тағайындалды және Шығыс Сібір әскери округінің 49-шы жеке атқыштар бригадасының командирінің орынбасары болды. 1950 жылы Калининде Молотов атындағы ҚарМУ-дың Логистика және жабдықтау әскери академиясының жалпы тактика және пайдалану өнері кафедрасында дәріс берді. 1955 жылы ауруына байланысты Кеңес әскерінің қатарынан шығып кетті.

Бауыржан Момышұлы үлкен әскери тәжірибе ие болды. Майданның алдыңғы қатарында бола отырып, ол тек бұйрықты ғана орындамай, әскери ғылымды едәуір байытқан өз ілімін жасады.

Оның ойлары мен әрекеттері соғыстың немесе шайқастың тактикалық және стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда кең болды.

Бауыржан Момышұлының қандай командир болғанын әскери операциялық-тактика ғылымында «Момышұлы спиралі» деп аталатын мобильді қорғаныстың арнайы термині арқылы-ақ білуге болады. Бұл тактикалық жауынгерлік техника бүкіл әлемдегі жоғары әскери оқу орындарында зерттеледі. Теориялық тұрғыдан оны Панфилов әзірледі. Бірақ іс жүзінде Бауыржан Момышұлы оны алғаш рет іске асырып және керемет қолдана алды.

Ол өзінің әскери тәжірибесін жас ұрпаққа үйретті. 1950 жылы Молотов атындағы әскери академияның жалпы тактика және операциялық өнер кафедрасының аға оқытушысы болды. Мұғалім және әскери ойшыл ретінде екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін талдап, оперативтік өнер теориясы мен тактикасын, қарулы күштерді, оның түрлерін пайдалануды зерттеумен айналысты.

Бұл ғылыми талдау тек бір мақсатта жүргізілді. Аталмыш зерттеу өз білімімен бөлісіп, соғыстан сабақ ала отырып, көптеген жылдарға елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалды. Бауыржан Момышұлы соғыста жеңіске жетудің бір себебі ретінде психологиялық фактор идеясын ұсынды. Алайда кеңес дәуірінде бұл фактор назарға алынбағанын атап өту керек. Ол кезде Совет халқының техникасы мен қару-жарағының, жаппай ерлік көрсетуінің арқасында жеңіске жетті деп саналды. Тек соңғы уақытта ғана жергілікті жанжалдар мен соғысты талдай келе, әскерлерді моральдық-психологиялық



тұрғыда қолдау туралы әңгімелер айтыла бастады. Демек, бұл Бауыржан Момышұлының стандартты емес көзқарасқа ие екенін тағы бір дәлелдеді.

1963 жылы Кубаға сапары кезінде жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыды. Куба қорғаныс министрі Рауль Кастромен кездесті және сол кезде оған Кубадағы революциялық қарулы күштердің 51-ші полкінің құрметті командирі атағы берілді. Тіпті, АҚШ, Куба, Израиль және Никарагуаның әскери орындарында Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесі зерттелуде.

Әскери ерліктерден басқа Бауыржан Момышұлы жазушы болып тағы бір ерлік жасады. Қаламды қолға алмай тұрып, ол өз мүмкіндіктері мен жауапкершілігін өлшеп алды. Себебі, кейіннен халық оны жазушы және азамат ретінде бағалайтын болды.

Оның барлық кітаптары жүректің қанымен жазылған. Соғысқа қатыстан Момышұлы майданда үлкен тәжірибе алды. Күнделік жазып, ұрыс алаңында көрген-білгенін, басынан өткен жайттарды қағазға түсірді. Ол кез келген жағдайда қарда да, жаңбырда да және тіпті қоршауда қалған

1963 ЖЫЛЫ КУБАҒА САПАРЫ КЕЗІНДЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ТУРАЛЫ ДӘРІС ОҚЫДЫ. КУБА ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ РАУЛЬ КАСТРОМЕН КЕЗДЕСТІ ЖӘНЕ СОЛ КЕЗДЕ ОҒАН КУБАДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ 51-ШІ ПОЛКІНІҢ ҚҰРМЕТТІ КОМАНДИРІ АТАҒЫ БЕРІЛДІ. ТІПТІ, АҚШ, КУБА, ИЗРАИЛЬ ЖӘНЕ НИКАРАГУАНЫҢ ӘСКЕРИ ОРЫНДАРЫНДА БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ТӘЖІРИБЕСІ ЗЕРТТЕЛУДЕ.

кезде де жазба жүргізді. Осылайша, ол 38 жауынгерлік жазба кітапша жазды. Онда соғыс барысы, сарбаздардың ойы мен әрекеті туралы айтылады. Оның негізгі әдеби шығармалары оқырманды шыншылдығымен таңғалдырады. «Бір түннің тарихы» – оның дарынды жазушы екенін жариялаған алғашқы туындысы.

Ал Бауыржан Момышұлының әдебиетке қалай кіргені жайлы айтатын болсақ, ол әдебиет әлеміне ерекше кірді. Оқырмандар алғаш рет онымен жазушы емес, өнер туындысының кейіпкері ретінде танысты. Бұл Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» повесі еді. Бұл оқиғаның басты кейіпкері – панфиловшы офицер, Мәскеуді қорғауға қатысқан батыр, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы болды. Александр Бек осы кітапты батырдың әңгімелері мен естеліктері негізінде құрастырған.

Соғыста көрген-білгенін үнемі қағаз бетіне түсіріп жүрген Бауыржан Момышұлы халыққа Ұлы Отан соғысының батыры ретінде ғана емес, сондай-ақ шебер жазушы болып танылды. Ол майдандағы естеліктері жайлы

«Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Артымызда Москва» секілді көптеген кітаптар мен әңгімелер жазды. Момышұлы генерал Панфилов туралы жазылған «Генерал Панфилов» өмірбаяндық әңгімелер мен «Ұшқан ұя», «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Адам қайраты», «Елбасына күн туса» секілді кітаптардың авторы. Сондай-ақ, Момышұлы 1976 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Ол «Кубадағы кездесулер» және басқа да саяхатқа қатысты очерктер жазған.

Осылайша, майданда шексіз ерлік көрсеткен полковник Момышұлы екі рет бірінші дәрежелі Қызыл Ту орденімен, «Ленин» және «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Әскери шайқастағы еңбегі үшін», «Мәскеуді қорғағаны үшін» орден-медальдарымен марапатталды.

Ал 1990 жылы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың табандылығының арқасында одақ тарағанға дейін, Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы жарлыққа қол қойылды.

Айта кетейік, Бауыржан Момышұлы үш рет шаңырақ көтерген. Бірінші әйелі Жамал Бұқаевадан жазушы Бақытжан Бауыржанұлы дүниеге келді. Халық батырының тұңғышынан Ержан есімді немересі мен Нұрсұлтан, Мадияр атты шөберелері бар.

Екінші әйелі Жамал Қалибекқызы Қуанышбаевадан Рамзан есімді ұлы болды. Ал үшінші әйелінің есімі Ғайникамал Баубекова. Бауыржан Момышұлы үшінші рет 1961 жылы үйленіп, Ғайникамал Баубековамен 12 жыл, жұбайы қайтыс болғанға дейін бірге өмір сүрді.





ПАРТИЗАН

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ! ӨМІРІ ӨЗГЕЛЕРГЕ ҰҚСАМАЙТЫН БҰЛ ҒАЖАЙЫП АДАМНЫҢ АТЫ-ЖӨНІН БІЗ АЛҒАШ РЕТ 1963 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН «АЖАЛ АУЗЫНАН...» КІТАБЫНАН ОҚЫП БІЛДІК. СУРЕТІМЕН ТҰҒЫШ РЕТ ҒАЛЫМ Е.БЕКМАХАНОВТЫҢ 1965 ЖЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАП ЖАЗҒАН «ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫ» ОҚУЛЫҒЫНАН ТАНЫС БОЛДЫҚ. АЛ ӨЗІН... ИӘ, ӨЗІН АЛМАТЫҒА АБИТУРИЕНТ БОП КЕЛГЕН 1969 ЖЫЛЫ БАСПОЧТАМТ МАҢЫНДАҒЫ АЛЛЕЯДАН КӨРДІК. СӘЛЕМ БЕРІП, ӘҢГІМЕЛЕСУІМІЗ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ГАЗЕТІНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСҚАН 1974 ЖЫЛДАН БАСТАЛДЫ. СОДАН 1998 ЖЫЛЫ АСТАНАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАНЫМЫЗҒА ДЕЙІН АҒАМЫЗБЕН ЫЛҒИ БОЛМАСА ДА РЕДАКЦИЯ ТАПСЫРМАСЫМЕН АРА-ТҰРА ЖҮЗДЕСІП ЖҮРДІК. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ЕКІ МАҚАЛА ӨМІРГЕ КЕЛГЕН-ТІН. ОНЫҢ БІРІНШІСІ ҚАЛАМҒЕР ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУҒА АРНАЛСА, ОДАН КЕЙІНГІСІ АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҒА ЕРЛІГІНІҢ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНБАҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕЛ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ СОЛ КЕЗДЕГІ РЕСПУБЛИКА, ОДАҚ БАСШЫЛАРЫ Н.БЕЛЯЕВ, Н.ХРУЩЕВ ЖӘНЕ М.ГОРБАЧЕВКЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНА ШОЛУ ЕДІ. АЛ ТӨМЕНДЕГІ МАҚАЛА ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН, БҰЛ ҚАСЕКЕҢМЕН 1974-1998 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕГІ ҚАЛҒАН ҮЗІК-ҮЗІК БӨЛІКТЕРІ.



Ж.А.: – Аға! Өзіңізбен кездесуге келер әр жолы мен сіздің жазған деректі шығармаларыңызды бір шолып шығамын. Сондағы байқалатын бір нәрсе – бұл кітаптарыңызда соғыс кезіндегі өміріңіз мол қамтылады да оған дейінгі туған жер, өскен орта, жастық шағыңыз туралы онша көп ештеңе айтылмайды. Неге?

Қ.Қ.: – Керек болса, қажет деп тапсаң айтайын, қарағым. Мен Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Асубұлақ ауылында дүниеге келдім. Бұл өзі – сұлу табиғат аясындағы көркі көз тойдыратын шағын елдімекен. Сол жерде тұңғыш рет мектеп есігін ашып, орталау білім алған соң Өскемендегі саяси-ағарту техникумына оқуға түстім. Оны бітіргеннен кейін облыстық халық ағарту бөлімінде инспектор болып жұмыс істедім. Өстіп жүргенде 1939 жылы армия қатарына шақырылмасым бар ма?..

Ж.А.: – Бұл әскери-барлау мектебіне баратын кезіңіз ғой шамасы...

Қ.Қ.: – Иә.

Ж.А.: – Оған қалай түсіп жүрсіз? Білетіндер аталмыш оқу орнына басқа ұлттың өкілдерін қабылдамайтын еді дейді ғой.

Қ.Қ.: – Ол рас. Оған мен денсаулығымның мықтылығы мен күш-қуатымның молдығы, жүйкемнің төзімділігі мен есте сақтау қабілетімнің ерекшелігі арқасында ғана өттім. Мәскеу іргесіндегі әскери бөлімшеде қызмет етіп жүр едім, комиссияға шақырды. Содан олар басымнан бақайшағыма дейін ал кеп тексерсін дейсің. Сынақтың қиындығы сонша, оған іріктеп әкелген 350 жауынгерден көп ұзамай бар-жоғы 52-ақ адам қалдық. Бұлардың арасында мұсылман баласы дегеннен жалғыз мен ғана бармын. Басқа ешкім

жоқ. Қойшы, содан не керек... Өткелектен өткізіп жүріп, алатын оқуына алды ғой ақыры. Қайталап айтамын, қарағым, сарапшылар бұл құпия оқу орнына мені қабылдайын деп қабылдаған жоқ. Оған мен өзімнің дене бітімнің ерекшелігімен, буырқанған бұла күшіммен, сондай-ақ, табандылық, көнбістік, төзімділік сияқты қасиеттеріммен өттім.

Ж.А.: – Бұл мектепті қашан бітірдіңіз?

Қ.Қ.: – 1941 жылы жазға салым. Оқуымыздың аяқталуы соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді ғой.

Ж.А.: – Соғыста сіз барлаушы-десантшы болдыңыз. Диверсиялық топтың жетекшісі – партизандық өмір жолынан өттіңіз. Сонда майданның арғы бетіндегі сапарға қалай әзірленуші едіңіздер? Самолет ішіндегі көңіл-күй, люктен парашютпен секіретіндегі қам-қарекет, бұрын көрмеген, білмеген жерге әуеден түсіп келе жатқандағы ішкі психологиялық арпалыс туралы қазір не айта аласыз?

Қ.Қ.: – Жау тылына түсу дегенің – нағыз азап. Ол жаққа аттану тек түн ішінде ғана жүргізілетін. Жабық машинамен аэродромға келер едік. Сол жерде бізді «Дуглас» самолетінің ішіне кіргізіп, қарама-қарсы отыруға бұйрық беретін. Арқамыздағы парашют рюкзасына жіп өткізіп, оның ілгегін төбедегі жылжымалы роликке бекітіп қоятыны да есімде. Жасыратын несі бар, майдан шебінен өтердегі оқ шымылдығынан абыржымасын, самолет люгінен секіретінде батыл болсын дей ме екен, 200 грамнан арақ та беріп қоюшы еді. Белгілі межеге жеткенде есік ашылатын да біріміздің артымыздан біріміз 5 мың



СУРЕТТЕ: даңқты партизан жазушы Қасым ҚАЙСЕНОВ

метрлік қап-қара тұңғиыққа қарай қарғитынбыз. Тәртіп бойынша алғашқы 1 мың метр кеңістіктен атқан оқша ағып өтуің керек. Сол сәттегі азапты айтпа... Бұл кезде басың төмен тартып кетеді де денеңді бағындыра алмай, қатты әуре-сарсаңға түсесің. Көзіңнен жас парлап, жүрегің аузыңнан шығып кетердей қиын күй кешесің. Өстіп жанталаса құлдилап келе жатқанда парашют ашылады-ау ақыры. «Уһ» дейсің іштей. Сөйтесің де жан-жағыңа қарап, серіктеріңді іздейсің. Асты-үстіңде бір-бір ақ күмбезге ілініп, олар да келе жатады иманы қасым боп. Осыдан

кейін орманға аман-есен түсудің қам-қарекетіне кірісе бастаймыз. Бұл жерде көп нәрсе салмаққа тығыз байланысты. Десантшының алып келе жатқан жүгі өзінің денесінің салмағының жартысындай ғана болуы керек. Егер ол одан сәл артып кетсе, бітті, құрығаның деп есептей бер. Жерге түскеніңде аяғыңның жіліншігі қақ бөлініп сынады да қалады. Сондай-ақ, әуеден төмен қарай келе жатқанда жау ортасына түсіп қалмаймын ба деген күдік те мазаңды алумен болады. Сөз ретіне қарай айта кетейін, біздің жоғарыдағыдай сапарларымызда ондай

жағдайлар да кездеспей қалған жоқ. Ал одан тірі қалу дегенің... Жә, бұл енді басқа әңгіме.

Ж.А.: – Басыңызды өлімге тіккен осындай қиын да қауіпті сапарға тұңғыш рет қашан аттандыңыз?

Қ.Қ.: – 41-дің қарашасында. Ол кезде Оңтүстік батыс майданы штабының қарамағында едік. Сол жерде біздерден арнайы топ жасақталынды да бірден жау тылына түсірілдік. Алға қойылған мақсат Украинаның Полтава облысында партизан қозғалысын ұйымдастыру болды.

Ж.А.: – Ал соңғы тапсырма ше?

Қ.Қ.: – Оған 44-тің маусым айын айтуға болады. Ол жолы біз Венгриядағы Карпат тауына аттанып, күшті жау тосқауылына ұшырадық. Қиян-кескі сол шайқаста 53 қаруласымыздың 46-ы қаза тапты да, тірі қалған жетеуіміз кейін 200 адамдық отряд құруға қол жеткізіп, о бастағы берілген тапсырманы ойдағыдай орындап шықтық.

Ж.А.: – 1941-1944 жылдардағы жау тылындағы жанкешті өмірлеріңіз өзіңіздің «Ажал аузынан...», «Илько Витряк», «Переяслав партизандары» кітаптарында молынан қамтылған. Біз оған тоқталмайық. Өйткені ол қайталау болып шығады. Ал сізден көзбе-көз отырып сұрайық дегеніміз... Өзіңізді Кеңес Одағының Батыры атағына лайық ерлік жасады деген Днепрдегі оқиға. Соны анықтап айтып берсеңіз. Ол қалай болып еді?

Қ.Қ.: – Айтайын. 1943 жылғы 17 қыркүйекте Чапаев атындағы партизан құрамасында ерекше бір қуанышты оқиға



СӨЙТТІМ ДЕ, ОТРЯДЫМДЫ ЖИНАП АЛЫП, ЖАҒАЛАУҒА ҚАРАЙ ЖҮРІП КЕТТІМ. МІНЕ, ДНЕПР... ОНЫҢ АРҒЫ БЕТІ КЕШЕ ҒАНА ӨЗІМІЗ ТАЛАЙ ЖОРТҚАН ПАНИТОВ ОРМАНЫ. ЕНДІ СОЛ ЖАҚҚА ҚАЙТА ӨТПЕКПІЗ, ҚАЙТА БАРМАҚПЫЗ. БҰЛАЙ БОЛАРЫН БІЛГЕНДЕ... ӨСТІП ОЙЛАНЫП ЖАТҚАНДА КҮН БАТЫП, КЕШ ТЕ ТҮСЕ БАСТАДЫ. ҚАС ҚАРАЯ БЕРЕ ҚАРА СУДАҒЫ КҮНІ БҰРЫН БАЙЛАСТЫРА ӘЗІРЛЕП ҚОЙҒАН БӨРЕНЕЛЕРДІ ИЫҚПЕН ДЕМЕЙ ЖЫЛЖЫТЫП, АРҒЫ БЕТКЕ ӨТУГЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕ БАСТАДЫҚ.

болды. Бұл күні біз «Үлкен жерден» аттанғаннан кейінгі 1 жыл 10 айдан соң барып өз әскерлеріміз – Р.М.Малиновский басқарған 3-ші Украина майданының танкистерімен кездестік. Айтпақшы, соның алдында «Днепрдің оң жағына өтіп үлгерген жау Букрин плацдармын жасап алып, Қызыл Армияның шабуылдаушы бөлімдерін өзенге беттетпей жатыр» деген хабар естіген болатынбыз. Рас екен. Оны өзімізбен кездескен 5-ші танк бригадасы командирінің бізге берген тапсырмасынан анық білдік. Оның пайымдауынша, партизандар бұл өңірдің жер жағдайын жақсы біледі. Сондықтан олар қайткенде де Днепрдің арғы бетіне өтіп, қосымша күш жеткенше сол жердің бір пұшпағын ұстап тұра тұруы керек. «Оң жағалауға жетіп, көзге түскендерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілетін болады», - деді бригада командирі бізбен әңгімелесіп отырып. Сөйтті де: «Кімдер баратынын тезірек анықтаңыздар да,

оларды жағалауға шұғыл аттандырыңыздар», - деді сөзін нықтап.

Мына бұйрықты естіген партизан құрамасының басшылығы өзара ақылдаса келіп, «бұл операцияны орындауға менің отрядым лайық» деген шешімге келді. Мұндайда мәселе былай: берілген тапсырма сөзбұйдаға салынбайды. Оған уәж де жүрмейді. Ол тек орындалады. Осы есіме түскен мен: «Жарайды», - дедім қысқа ғана.

Сөйттім де, отрядымды жинап алып, жағалауға қарай жүріп кеттім. Міне, Днепр... Оның арғы беті кеше ғана өзіміз талай жортқан Панитов орманы. Енді сол жаққа қайта өтпекпіз, қайта бармақпыз. Бұлай боларын білгенде... Өстіп ойланып жатқанда күн батып, кеш те түсе бастады. Қас қарая бере қара судағы күні бұрын байластыра әзірлеп қойған бөренелерді иықпен демей жылжытып, арғы бетке өтуге әрекет ете бастадық. Осы кезде жау аспанға жарқырауық ракеталарын атып, өзеннің астан-кестеңін шығарды дейсің. Төңкерілген қайық... Оққа ұшқан жігіттер...



Жанталасып жүріп қараймын, Днепрдің орта тұсынан асқан сияқтымыз. «Енді сәл шыдасақ...» деймін ішімнен. Бір мезетте бөренені ықтап келе жатқан біздерді су ағыны шырқобелек айналдырып, төмен қарай ала кеп жөнелмесі бар ма?! Сол екпінмен біраз ақтық. Ақыры өзенге сұғына еніп тұрған мүйіске кеп соғылдық та жандәрмен деп жағаға шықтық. Бекініс жасай бастағанымызда бізбен бірге өткен байланысшы солдат катушка сымын ағаш бұтағына іліп, өз тірлігімен өзі болып жатқан. Әлден уақытта ол: «Сізді телефонға шақырады», - деді ендігі. Мен наушникке ұмтылдым. «Жолдас, отряд командирі, - деді арғы жақтағы дауыс. - Сіздердің оң жағалауға жетіп, табан тірегендеріңізді байланысқа бірінші болып шыққандарыңыздан біліп отырымыз. Рахмет! Енді сол жерді ертеңгі сағат 12-ге дейін ұстап тұруға тырысыңыздар. Ерліктеріңіз жоғары наградамен...» Осы жерге келгенде телефон үзіліп кетті де рация үнсіз қалды.

«Сағат 12-сі несі? - деймін күйініп. - Қосымша күшті арттарыңнан ілешала жібереміз демеп пе еді кетерде. Қайда енді онысы?» Осы оймен Днепрге жабыға қарадым. Өзен беті әлемтапырақ. Жарқырауық ракеталар аспанға асылып алып, айналаны күндізгідей сәулелендіріп тұр. «Түсінікті, - дедім ішімнен. - Олар өте алмай жатыр». Жағдайды осылай деп шамалаған соң жолдастарыма енді өз күшімізге сенуден басқа амалдың қалмағанын айтып, жағалауға тиіп тұрған Григоровка селосын алуды бұйырдым. Өзіміз бұрыннан жақсы білетін бұл елдімекенді жаудан тез босаттық. Сөйттік те, сол жерге тістесіп жатып алдық.

«АЛАҢДАМАҢЫЗ. ЖЕҢГЕЙГЕ ХАБАРЛАП АЙТТЫҚ. ЕНДІ ЕКИ САҒАТТАН KEЙIИН АЛМАТЫДАҒЫ ҮЙIҢIЗДЕ БОЛАСЫЗ», - ДЕДІ ОЛАР ҚОШТАСЫП ЖАТЫП. «РАХМЕТ, АЙНАЛАЙЫНДАР!» - ДЕЙMІН РИЗА КӨҢІЛМЕН. СӨЙТІП, ӘУЕГЕ КӨТЕРІЛЕЙІК. САМОЛЕТ ҰШЫП КЕЛЕДІ, ҰШЫП КЕЛЕДІ, БІРАҚ АЛМАТЫ КӨРІНБЕЙДІ. ҚАЛҒЫП КЕТІП ОЯНСАМ, ТҮН..., БӨТЕН АЭРОПОРТ. «ҚАЙ ЖЕР?» ДЕП СҰРАЙМЫН АҢ-ТАҢ БОЛЫП. «КЕМЕРОВО ҚАЛАСЫ», - ДЕЙДІ СТЮАРДЕССА.

Содан таң атты. Атыс... Күн шығып, түс болды. Шабуыл... Бірақ арттан келетін күш әлі көрінбейді. Өстіп жатқанда дәл жанымнан бірдеңе гүрс ете түскені... Сол сол-ақ екен, не болғанын білмеймін, аспан жерге төңкеріле құлағандай боп, дүние көз алдымнан көшіп жүре берді. Ар жағы есімде жоқ. Бұлыңғыр, бұлдыр бірдеңе. Көзімді ашсам, дала госпиталінде жатыр екенмін. «Контузияға ұшырағансың», - дейді санитарлар. Олар негізгі бөліммен бірге Григоровка селосына келіп кіргенде менің топырақ астынан шығып жатқан аяғымды көріп тауып алғанын айтты. Кейін білдім, бұлар бізге жіберілген қосымша күш



емес, мүлде басқа құраманың жауынгерлері болып шықты. Сөйтіп, Днепрден бірінші боп өткендегі ерлігіміз аяқ астынан ұмыт қалды да атақ-даңқты басқалар алып кетті. Нақты құжат ұзақ уақыттан соң барып партизан штабының архивінен бірақ табылғаны бар. Бірақ ол кезде бәрі кеш еді.

Ж.А.: – Жау тылынан қашан шықтыңыз?

Қ.Қ.: – 1944 жылдың аяғында.

Ж.А.: – Содан елге бірден қайттыңыз ба? Жоқ әлде...

Қ.Қ.: – Қалай десем екен...

Бұл өзі былай болды. Жау тылынан шыққан соң мені оншақты адаммен бірге Киев қаласындағы Орталық партизандар қозғалысы штабына жіберді. Мұнда: «Партизандық соғыс осымен бітті. Сондықтан енді сендер жау тылына қайтып бармайсыңдар. Біразынды армия қатарына аламыз да, ал кейбіреулеріңді азаматтық қызметке қалдырамыз», - дегенді айтты. Мен әскерге ілінбей, сол «кейбіреулердің» қатарында қалып қойдым. Осыдан соң маған: «Соғысқа жібермесе мұнда енді не бар? Одан да елге қайтайын», - деген ой келді де оны штабтағыларға жасырмай айтып шықтым. Бірақ олар кесіп-пішіп ештеңе дей қоймады. Өстіп жүргенімде «С.А.Ковпак шақырып жатыр» деп естідім.

– Вася, - деді амандасып болғаннан кейін Сидор Артемьевич. – Сен еліңе қайтам деп жүр екенсің. Немене, біздің Украина ұнамай ма саған?

– Неге ұнамасын, ұнайды. Бірақ, енді жау тылына жібермесе, армияға алмаса мұнда не істеймін?

– Иә, оның рас. Ол жаққа енді ешкім жіберілмейді, - деді Сидор Артемьевич. – Себебі, біздің жеріміз фашистерден түгел азат етіліп, партизандар өз міндеттерін толық орындады. Ал армияға келсек... Онда барып не істейсің? Партизандық жорық күндерінде сен адам саны бригадаға тең отрядқа, мен көлемі дивизияға пара-пар құрамаға басшылық еттім. Енді олай болмайды. Біздер армияға алынсақ командир емес, тек қатардағы солдат қана болып барамыз. Өйткені, сен де, мен де академия, училище бітірген жоқпыз ғой. Бұл – бір. Екінші... Еліңе бардың дейік. Бұл жаққа ертерек кеткендіктен онда сені көп ешкім білмеуі, Украинадағы



ерлігіңнен хабарсыз болуы мүмкін. Сонда табиғатыңда бар тентек, қияңқы мінезіңмен кімге сиясың? Еркелігіңді кім көтереді? Егер сол жерде қызметте жүріп, бір нәрсені бүлдіріп алсаң не болғаны? Сені кім біледі, кім ара түседі? - деп ол кісі екі қолының жуан да қысқа саусақтарынан керегекөз тор жасап, маған барлай қарады. Онысын мен түсіндім. «Мінез-құлқыңды жақсы білемін. Содырлық жасап сотталасың», - деп отыр. Сидор Артемьевич жоғарыдағы сөзден кейін біраз үнсіз отырды да: «Сені біз жақсы көреміз, Вася. Көз алдымызда жүре тұр. Бейбіт өмірге бейімделіп, мамандық алғаннан кейін еліңе жақсылап шығарып салайық», - деді қамқор үнмен. Мен ештеңе деместен шығып кеттім.

Келесі күні штабқа келсем: «Сізді кадрлар бөлімінің бастығы, полковник Сперанский іздеп жатыр», - деді кезекші. Бардым. Полковниктің алдында басына көнетоз кепкі киген, үстінде күздік пальтосы бар бейтаныс қазақ отыр екен: «Мен Жұмағали Саин деген аға боламын, - деді ол кісі аман-саулықтан соң. – Ақынмын. Осында Ворошиловград облысында партизандар қатарында болып едім. Енді елге қайтайын деп документтерімді жөндетіп жүрмін. Ал сен ше?» «Мені жібергілері келмейді?» «Сөзді қой, бала. Өзіңнің шынымен елге қайтқың келе ме?» «Иә». «Ендеше, осы пікіріңнен тайма. Бұлармен өзін сөйлесемін».

Осылай деген Жұмекең ал кеп іске кірісті дейсің. Кірмеген есігі, бармаған бастығы жоқ. Оларға бұл жігіттің болашағына, жағдайына өзін жауап беремін дейтін сияқты. Сөйтіп жүріп мені босатып алды да, елге алып қайтты ғой...

Ж.А.: – Соғыстан кейін

жау тылындағы сіздің ерлігіңіз туралы қалам тартқан адамдар болды ма? Болса, олар кімдер еді?

Қ.Қ.: – Бұл сауалыңа: «Жазушы Ғабдол Сланов», - деп жауап бергім келеді. Қырқыншы жылдардың аяқ кезі болатын. Ол кісі менімен ұзақ сөйлесіп, әңгімелерімді жалықпай тыңдаушы еді. Сөйтіп жүріп бір күні «Алтай баласы» атты деректі шығармасын жарқ еткізгені. Онда жалғыз мен ғана емес, бүкіл Қайса әулеті қамтылып, бәрімізге жылы лебіздер айтылады.

Ж.А.: – Ал өзің жазушылыққа қалай бет бұрып жүрсіз? Жалпы, сіздің шығармашылық жұмыспен шұғылданып, кітап шығарумен шындап айналысуыңызға ең алғаш рет кімдер ықпал етті деп ойлайсыз?

Қ.Қ.: – Бұған алдымен Жұмекең – Жұмағали Саинды, Шахмет Хұсайыновты, содан соң тағы да сол Ғабдол аға Слановты айтар едім. Бәрі де менің ауызекі түрде айтатын әңгімелерімнен басталды. «Қасым, - дейтін сонда ол кісілер, – Сен жас та болсаң көп нәрсені көрген екенсің. Осыларды қағаз бетіне түсіріп көрсең қалай болады? Жасқанба. Мына оқиғаларды бізге қалай айтып жүрсің, ойдан ешнәрсе қоспай, солай тізіп жаза бер. Көркемдеймін. Әдемілеймін деп те әуре болма. Бұлар осынысымен-ақ әсерлі. Бір қиналарсың... Екі қиналарсың. Көр де тұр, содан кейін қалай жазып кеткеніңді өзің де білмей қаласың». Ақыры осы ағаларымның айтқаны келді де тұрды. Біраз уақыттан кейін естеліктерім шыға бастағаны... Жазуға, шығармашылыққа бет бұруымның қысқаша тарихы міне осы, қарағым.

Ж.А.: – Менің байқауымша сіздің өміріңіз ылғи да кездейсоқ

жайттар мен күтпеген оқиғалардан тұратын сияқты. Бұл қалай?

Қ.Қ.: – Соған өзім де таңғаламын, қарағым. Жас кезімдегі жағдайларды ғой, кітаптарымнан жақсы білесің. Ал енді қартайдым, кездейсоқ жайттардың ауылы менен алыстаған шығар дейін десем, олар тағы да алдымнан шыға береді... Күлме маған... 1993 жылдың күзінде мынадай оқиғаға ұшырағаным бар. Үйде жатыр едім, Шығыс Қазақстан облысы келіп кетсін деп сәлем айтыпты. Бардым. Елден айналайын, хан көтеріп қарсы алды. Қайтарыма облыстық әкімдіктің жігіттері иіліп төсек, жазылып жастық болып ұшаққа да өздері мінгізіп жібермесі бар ма?! «Алаңдамаңыз. Жеңгейге хабарлап айттық. Енді екі сағаттан кейін Алматыдағы үйіңізде боласыз», - деді олар қоштасып жатып. «Рахмет, айналайындар!» - деймін риза көңілмен. Сөйтіп, әуеге көтерілейік. Самолет ұшып келеді, ұшып келеді, бірақ Алматы көрінбейді. Қалғып кетіп оянсам, түн..., бөтен аэропорт. «Қай жер?» деп сұраймын аң-таң болып. «Кемерово қаласы», - дейді стюардесса. Сонда ғана барып облыстық әкімдік жігіттерінің шатасқанын, Алматы деп Кемеровоның көлігіне мінгізіп жібергенін түсіндім. Өкінгеннен, ренжігеннен не пайда, әрекет етуге көштім. Қайыра билет алып, Өскеменге кері ұшайын десем, кассадағылар: «Осы таяуда бізде Ресейдің жаңа рублі шыққан. Мына сабан ақшаңызды алмаймыз», - деп жолатпайды. Қонақ үйге барайын, тамақ ішейін десем де, осындай кедергі. Сол кезде бұрын өзін көрмеген, білмеген, бірақ аты сырттай таныс Амангелді Төлеев есіме түсті. «Облыстық Кеңестің төрағасы ғой. Ақшамды ауыстырып беруге көмектесер» деп

ойладым ішімнен. Сөйттім де, оған сол аэропорттан кезекші қыз арқылы телефон соқтырттым. «Мен сізді білемін. Ешқайда қозғалмай, сол орныңызда тұрыңыз. Қазір көмекшімді жіберемін», - деді ескі танысымдай аңқылдап тіл қатқан ол. «Жау жерінде бір үйің болсын» деген рас-ау. Амангелді Ресей Президентінің пәрменімен елдегі Кеңестердің тарап жатқан үстіне келгеніме, жағдайының шатқаяқтап тұрғанына қарамастан, мені өте жақсы қабылдады. «Бүгін бұл жақтан Қазақстанға самолет ұшпайды. Ертең қайтыңыз. Көмекшім сізді қонақ үйге де орналастырады, билет те әпереді. Ешнәрсе алаңдамаңыз», - деді ол жігерлі үнмен. Сөйтті де, мұндағы саяси-әлеуметтік ахуалдың қиын екенін, отбасына қастандық жасалғанын, қарапайым халықтың өзін жақсы көретінін, таяуда жаңа кітабының шыққанын баяндап өтті. «Жағдай бұлай болса елге, Қазақстанға қайтпайсың ба, айналайын», - дедім мен оны жоғарыдағы айтқан әңгімелерінен кейін аяп кетіп. «Жоқ. Бармаймын, - деді ол. – Біріншіден, Қазақстанға менің еңбегім сіңген жоқ. Не деп барамын? Екіншіден, қиындық туғанда төменшіктеп көріну тағы жараспайды. Ол маған ұят. Үшіншіден, мұндағы қалың бұқараның мен дегенде жаны басқа. Жақсы көреді. Сыйлайды. «Кетпе. Шыда», - дейді. Сенімнен артық не бар? Демек, енді не көрсем де осылармен бірге көрмекпін».

Ертесінде мен Өскеменге аттандым. Содан қашан Алматыға жетер-жеткенше көз алдымнан сонау Сібір жерінде жүрген Амангелді Төлеев кетпей қойды. Онымен мені кездестірген кездейсоқтық па? Жоқ. Дәм-тұз, тағдыр шығар, бәлкім.

Жанболат АУПБАЕВ жазушы



ҰШҚЫШ

**ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ
– ҚАЗАҚ
ҰЛАНДАРЫНА
ОТАН ҚОРҒАУДЫҢ
ӨШПЕЙТІН ӨНЕГЕЛІ
ІЗІН ҚАЛДЫРҒАН
БАТЫР. ОЛ – КӨК
ЖҮЗІНДЕ ҚАҺАРМАН
ЕРЛІКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕ
ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН
АТЫ АҢЫЗҒА
АЙНАЛҒАН АЙТУЛЫ
ТҰЛҒА. ЕСІМІ ЕЛ
ЕСІНДЕ МӘҢГІ ҚАЛҒАН
КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ
ЕКІ МӘРТЕ
БАТЫРЫ АТАҒЫН
АЛҒАН АЛҒАШҚЫ
ҚАЗАҚ, БЕЛГІЛІ
ҰШҚЫШ ТАЛҒАТ
БИГЕЛДИНОВТЫҢ
ӨМІРІ ТУРАЛЫ СЫР
ШЕРТКЕНДІ ЖӨН
КӨРДІК.**



Авиация генерал майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысына қарасты Қорғалжын ауданындағы Майбалық деген шағын ауылда дүниеге келген. Бірақ, кейіннен оның отбасы қазір Қырғызстанның астанасы болып, Бішкек деп аталған Фрунзеге көшіп кетеді. Талғаттың отбасы нашар тұрды, әкесі мен анасы жер

жетіспегеннен туған ауылын тастап, шағын табыспен күн көру үшін көшіп кетеді. Ал бала Талғат ата-анасымен бірге 6 жасқа дейін өмір сүрді, содан кейін ежелгі дәстүрге құрмет ретінде біраз уақыт баласы жоқ ағайының отбасында тәрбиеленді.

Ұшқыштың әкесі Жақыпбек 30-шы жылдары қиыншылық кезеңде ұжымшардан жалға жер алып, таудың етегінде пияз, жүгері егетін. Үйдің

үлкендері жаз бойы түгелдей егістік басында болады. Сонда әжесімен бірге қалып, үйді қарап, бие мен сиырды бағып, сауатын да Талғат еді. Осылайша, ол еңбекке де ерте араласты. Ол кезде Талғат Бигелдиновтың ауылында қазақ-қырғыз мектебі жоқ болған. Сонда атасы орыс тілін білмеген Талғатты 4 сыныпты татар мектебіне береді. Сөйтіп, бала Талғат үйге келгенде қазақша сөйлеп,

көшеге шыққанда қазақша түсінбейтін орыс балалармен ойнап, мектепке барғанда татарша оқып, сауатын ашады. Содан да болар, оның сөйлеу тілінде орысша да, татарша да, қазақша да бар.

Талғат – жан-тәнімен аспанға берілген адам. Ол бала күнінен ұшқыш болуды армандады. Орыс тілін білмесе де, 13 жасында барлық қиындықтарға қарамастан, арманына қол жеткізу үшін өз



еркімен орыстiлдi мектепке ауысады. Өжет жiгiт 16 жасында «Екi капитан» романының кiтабындағы кейiпкерлерге қызығып, ұшақты, жауынгерлiк ұшуларды және аспанды армандай бастайды.

Сөйтiп, ұшқыш болуды армандаған жiгiт Бiшкектегi аэроклубқа оқуға түседi. Бiрақ, ондағылар Талғатты бiрден қабылдағылары келмедi, өйткенi, оның бойы өз жасы үшiн өте кiшкентай болды және ұшақ кабинасынан сәл ғана көрiнген едi. Алайда, ол алға қойған мақсатынан қайтпай, өз арманына жетiп, ақыры оқуға қабылданады. Сол уақытта жас жiгiттiң қиын күндерi басталды, оған мектеп пен аэроклубтағы оқуын бiр уақытта алып жүруге тура келдi, сонымен бiрге, ол отбасына да көмектесуi керек болды. Олар өте нашар жағдайда тұрды, киетiн киiмдерi жұпыны болып, тамаққа да ақша жетпегендiктен, Талғат жұмысқа орналасуға мәжбүр едi.

Жас жiгiт аспан әлемiне әуестенiп жүргенiн әкесiнен ұзақ уақыт бойы жасырып жүрдi, себебi ол ұлының дәрiгер болғанын қалады. Алайда, көп ұзамай, Талғат атанасы мен нұсқаушыларына тек ұшқыш қана емес, сондай-ақ батыл әрi алға қойған мақсатынан қайтпайтын адам екенiн дәлелдей алды. Бiрақ, ауыл баласына аэроклубта



оқып, диплом алу жолы оңай болған жоқ. Ондағылар ауылдан келген қазақ жiгiтiн ұзақ уақыт дұрыс қабылдамай, қорлап, төмендеттi. Дегенмен, Бигелдинов соққыға төтеп берiп, барлық емтихандарды өте жақсы тапсырып, тiптi қоғамдық нұсқаушы болуды үйренiп шықты.

Оқу бiтiргеннен кейiн Талғат аспан мен ұшақсыз өмiр сүре алмайтынын түсiнедi және көп ұзамай ол ұшқыштың бiлiмiн жалғастыруға мүмкiндiк алды. Сол кезде Саратовтағы ұшу мектебiнде курсанттар таңдау үшiн аэроклубқа комиссия келiп, Бигелдиновты бiрден таңдайды. Сөйтiп, ол 1940 жылы ұзақ уақыт бойы Отанын көрмейтiнiнен хабары болмастан, Саратовқа кетедi.

Мұнда да Талғат Бигелдинов бойы мен ұлтына деген менсiнбеушiлiк қарым-қатынасқа кез болады. Бiрақ, мұнда ол өмiрдегi алғашқы өмiр мектебiн және әртүрлi құрылғыларда ұшудың керемет тәжiрибесiн алады. Соғыстың алғашқы күндерiнен бастап жас курсанттар майданға аттанғылары келдi, бiрақ командирлер ұшқыштардың әлi де кәсiби дайындықтан өтуi керек екенiн алға тартып, қанаты қатпаған бозбалаларды майданға, ажал аузына жiберудi қаламады.

Бiрнеше ай өткен соң, Бигелдинов өз қалауымен Орынбор маңындағы

бомбалаушы авиация мектебiне ауысады, онда жiгiт ауыр көлiктердi жылдам игерiп, көп ұзамай ефрейтор дәрежесiн алды.

Бiрақ, мұнда да жас ұшқышты бiрден майданға жiбермедi, ол басқа курсанттармен бiрге училищеге шаруашылық жағынан көмектестi. Олар картоп егiп, сиыр мен шошқа бағып, барлық тағамды майдандағы жауынгерлерге жiбердi. Көп ұзамай, Талғат өзiнiң болашақ темiр тұлпары ИЛ-2-мен танысқан жерi, жауынгерлiк жойғыш мектепке ауыстырылды. Сол кездiң өзiнде ол ұшақ туралы аңыздар айтылып жүрген едi және барлық ұшқыштар аспанға тек сонымен қана қалықтағылары келдi.

Ақырында, училищеге майдангерлердiң бiр бөлiгiн майданға жiберу туралы

қарамастан қалың майданға ұмтылып тұрды. Осылайша, Шығыстан шыққан жалғыз ұшқыш әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюша» ұшағымен 1942 жылы майданға аттанады.

Бiрақ, жас сарбаздар бұл жерде де бiрнеше апта бойы командалық ұшу жаттығуларын жасап, жауды көзге елестетiп, бомбалауға мәжбүр болды. Ақырында, олар нағыз соғысқа қатысып, алғашында басқа ұшақтармен топтасып шабуылдауды үйренiп, содан кейiн жеке-жеке жау құралын жоя бастады. Сол күннен бастап Бигелдинов әскерилер арасында ұшқыш танк деп аталып кеткен «Илюша» ұшағымен бас бүтiн бауырбас көк жүзiнде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы Берлиндi алуға бiрiншi болып қатысады. Талғат мiнген



бұйрық келiп, қатарында Талғат Бигелдинов болған жас ұшқыштар нағыз соғыс ошағына аттанады. Олар Тверьге келiп, соғыстың не екенiн бiлдi. Жас жауынгерлер мұнда бiрнеше сағат бұрын сөйлескен адамының базаға қайта оралмауы мүмкiн екенiн түсiндi. Шайқастар ауыр болды, тiптi аспанда ұшу тәжiрибесi бар ұшқыштар да аман оралмады. Ал олар мұнда ұшу сағаты өте аз, он тоғыз жастағы бозбала болып келген едi. Бiрақ, жау шабуылынан ешкiм қорықпады, Талғат пен оның жолдастары ештеңеге

ұшақты жау жағы «Қара ажал» деп атаған екен. Талғат Жақыпбекұлы пойыз, эшелон, танктердi, зенит зеңбiрегiн және гитлерлiктердiң басқа да маңызды стратегиялық базаларын жойды.

Осындай миссиялардың бiрiнде Бигелдинов бомбалау кезiнде немiс мессершмитiне шабуыл жасап, оны атып жiбередi. Сонда кеңестiк баспасөзде жас сержанттың ерлiгi туралы мақала жарияланады. Өйткенi, Бигелдинов атып түсiрген немiс маңызды тұлға болған, ол – жүзге жуық ұшақты



жойған офицер. Және неміс офицері өзін жас сержанттың атып түсіргеніне ұзақ уақыт сене алмады. Бұл ұшу кезінде көрсеткен ерлігі үшін Талғат Бигелдинов II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін алады.

Өзінің әскери өмірінде жауынгерлік барлау, бомбалау бағанының басшылығы, немістің шабуылдаушы ұшақтарына шабуыл жасау секілді жүздеген оқиғалар болады.

1943 жылдың басында Талғат Бигелдинов он тоғыз мессершмиттке қарсы тұрып, тең емес күрес жүргізді. Сол кезде ол жау жеріне тоқтауға мәжбүр болып, жанындағы мергенімен бірге екі аптада кеңес әскеріне аман-есен жетеді.

Талғат Жақыпбекұлы өзінің алғашқы «Алтын жұлдыз» медалі мен Кеңес Одағының Батыры атағын 1944 жылы алды. Оның басшылығындағы ұшақтар Кировоград пен Знаменка қалаларын батылдықпен қорғады. Бигелдиновтың өзі сол кезде жаудың төрт шабуылдаушысын атып түсірді. Бір жыл өткен соң Бигелдинов сол атаққа екінші рет ие болды. Шебер ойластырылған стратегиясының арқасында, оның эскадроны жау техникасы мен жаяу жүргіншілердің үлкен санын жоя алды.

Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов соғыста екі жыл ғана күрес жүргізсе де, бірақ осы уақыт ішінде 305 әскери шабуылға шығып, көптеген ұшақтарды құлатып, жүздеген командалық тапсырмаларды орындады. Ол Берлин үшін жүргізілген шайқастарға қатысып, мыңдаған жауынгерлермен бірге Қызыл алаңда жүріп өтіп, елге нағыз батыр ретінде оралды.

23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста

небір көзсіз ерлік көрсеткен қыран қазақ қан майданнан аман-есен оралды. Соғыстан кейінгі қиын кезеңде ол оқуын жалғастырып, Мәскеудегі Қызыл Ту әуе күштері Академиясына түсті. Талғат Бигелдинов майданда жүрген кезінде-ақ коммунистік партияға қосылып, партияның съездері мен іс-шараларына белсенді қатысты.

1945 жылы Бигелдиновтың кіші Отаны болған Макинск облысының тұрғындары, оны депутат етіп сайлады. Және Бигелдинов туған жеріне қуана-қуана келіп, өзінің сайлаушыларымен кездесті.



Кезінде әкесі жер жетпегеннен туған өлкесін тастап кетуге мәжбүр болған облыстың тұрғындары енді Талғат Бигелдиновты қадірлеп, үлкен қуанышпен қарсы алды.

Сондай-ақ, ұшқышқа саяси қызметін Кеңес Одағы әуе күштерінің командалық қызметімен біріктіруіне тура келді. Талғат Бигелдинов денсаулығына байланысты ұшудан босатылғанына қарамастан, көптеген жылдар бойы азаматтық авиацияда жұмыс істеді. Запасқа ауыстырылғаннан кейін, ол Қазақстанда жұмыс істей бастады, еліміздің ірі қалаларында ұшу-қону жолағын құрумен айналысып, бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық

авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Талғат Бигелдинов – екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған тұңғыш қазақ. Ол болмысынан бос жатпайтын, алға қарай ұмтылып тұратын адам болды. Ол сол мінезінің арқасында қосымша Мәскеу инженерлік-құрылыс техникумын да аяқтап үлгерді және бірнеше жыл Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс басқармасында әртүрлі департаменттерді басқарды.

Талғат Бигелдинов ұзақ

та жарқын өмір сүрді. Ол ешқашан қиындықтарға мойымай, әрдайым соңына дейін баратын. Оның жолы жас ұрпаққа үлгі болуға лайық, ұшқыштың өзі де бірнеше рет жастармен кездесіп, әскери ерліктері мен сол кездегі кеңестік халықтың рухы туралы әңгімелеп берген еді. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Ол 1966 жылы жарық көрген «ИЛ шабуылдайды» деп аталатын кітабында ұшқыш мамандығына келудегі күрделі жолын, соғыстағы күнделікті өмірін және соғыстан кейінгі кезеңдері туралы баяндайды. Батырдың бұл кітабы тек

Қазақстанда ғана емес, КСРО-да да танымал болды. Талғат Бигелдиновтың ерлігі көптеген теледидарлық бағдарламалардың, деректі фильмдердің және көркем фильмдердің негізі болды. Солардың ішінде даңқты ұшқыштың өмірі жайлы «Көкке самғау» атты деректі фильмі түсірілді.

Бүгінде ұшқыш боламын деген әрбір жас Талғат Бигелдиновтың ерлігін еске алады. Еліктей батырдың ізімен жүруді мақтаныш тұтады. Соңғы жылдарда Талғат Бигелдинов қатты сырқаттанып жүрді. 2014 жылдың 10 қарашасында белгілі ұшқыш дүниеден озды. Көк аспанда қалықап ұшқанды жаны сүйген аспан адамы енді қайтадан аспанда...

Талғат атамздың достары мен әріптестерінің естеліктеріне сүйенсек, ол өмірде ақ жарқын, қарапайым, өзінен көмек сұрап келгендерге әрдайым қол ұшын созып, көмектесетін кеңпейілді адам болған. Талғат Бигелдинов – қоғамдық танылу мен халықтың махаббатын тірі кезінде сезініп кеткен жан. Оның ерлігінің құрметіне және 9 мамырдағы жалпы жеңістің құрметіне 2000 жылы Көкшетау қаласында Ұлы Отан соғысының даңқты батырының қола мүсіні қойылды.

Сонымен қатар, бүгінде ақтөбелік жоғары азаматтық ұшқыш авиациясына, сондай-ақ батырдың өзі қайырымдылық іс-шаралары аясында жиі көмек көрсеткен Қарағандыдағы Республикалық әскери мектеп-интернатқа Талғат Бигелдиновтың есімі берілді. Сондай-ақ, авиация генерал-майорының өмірінің соңғы жылдары өткен Алматыдағы Қонаев көшесіндегі үйіне батырға арнап ескерткіш тақта қойылды. Сондай-ақ, бас қаламыз Астанада да оның алып ескерткіші бар.

«Қуатты армия – Жаңа Қазақстан»



2024

АІВҮН

